

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 374 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 19 қыркүйекте № 36888 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-12-бабының 4 тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің тиісті вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2025 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 374 бұйрығына қосымша

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-12-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Әкімші – Заңның 10-11-бабының 3-тармағына сәйкес тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган электрондық сатып алу платформасының әкімшісі ретінде айқындаған заңды тұлға;

2) әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы – шешімдерін айқындауға және (немесе) осы әлеуетті өнім беруші қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ оған қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға;

3) сатып алу туралы шарт – осы Қағидаларға сәйкес жасалған энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту немесе қызметтер көрсету жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде "толық аяқталған" құрылыс бойынша жұмыстарды орындау туралы азаматтық-құқықтық шарт;

- 4) ұзақ мерзімді сатып алу – орындау (көрсету) мерзімі 12 (он екі) айдан асатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- 5) ұзақ мерзімді шарт - 12 (он екі) айдан астам мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;
- 6) тапсырыс беруші – осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі;
- 7) сатып алу – тапсырыс берушілердің осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде сатып алуы;
- 8) біліктілік талаптары – бұл сатып алу нысанасы бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін қажетті, осы Қағидаларда және конкурстық құжаттамада белгіленген әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар;
- 9) білікті әлеуетті өнім беруші – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес алдын ала біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті өнім беруші;
- 10) офтейк-келісімшарт – бір тарап тауар өндіруді ұйымдастыруға және оны болашақта жеткізуге міндеттенетін, ал екінші тарап алдын ала келісілген көлем мен бағаны ұзақ мерзім бойы сатып алуға кепілдік беретін келісім;
- 11) өнім беруші – Тапсырыс берушімен жасасқан сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);
- 12) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);
- 13) жобаны іске асырудың шекті құны – жобалау-сметалық құжаттама (ЖСК), техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) немесе "толық аяқталған" құрылыстың есептік құны (ҚЕК) негізінде айқындалатын сома;
- 14) "толық аяқталған" құрылыс – жобалау, іздестіру, құрылыс-монтаждау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу) және басқа да жұмыстарды орындауды, сондай-ақ жобалар мен көрсетілетін техникалық қадағалау қызметтеріне ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді қоспағанда, көрсетілген жұмыстарға ілеспе тауарларды жеткізуді және қызметтерді көрсетуді қамтитын объектіні салу және оны пайдалануға беру жөніндегі кешенді жұмыстар;
- 15) техникалық оператор – энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

16) қаржылық оператор - "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

17) сатып алулық электрондық платформасы – жұмыс істеу тәртібі тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен электрондық платформаның жұмыс істеу Қағидаларымен айқындалатын энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны сатып алудың электрондық платформасы)

18) жүктеме көрсеткіші – ағымдағы қаржы жылы орындалуы тиіс, сатып алу нысанасына сәйкес жұмыстарды (жобалау, салу және жөндеу) немесе көрсетілетін қызметтерді (техникалық қадағалау) орындауға арналған қолданыстағы шарттар бойынша әлеуетті өнім берушінің міндеттемелерінің жиынтық көлемінің шарттарды орындау кезінде әлеуетті өнім берушінің өндірістік жұмыспен қамтылуының жол берілетін деңгейін бағалау үшін пайдаланылатын соңғы аяқталған 3 (үш) қаржы жылының бірінде әлеуетті өнім берушінің негізгі қызметінен түскен жылдық кірісінің ең жоғары мәніне қатынасын айқындайтын есептік көрсеткіш.

19) тұйық цикл объектісі — бұл өндірістік, энергетикалық немесе коммуналдық-инфрақұрылымдық объект, оның шегінде ресурсты негізгі технологиялық процестің аралық кезеңдерін бөгде объектілерге (кәріздік тазарту құрылыстары, су тазарту құрылыстары, электр станциялары, жылу-энергия орталықтары, қазандықтар) бермей түпкілікті өнімге немесе нәтижеге айналдырудың толық, технологиялық өзара байланысты және функционалдық аяқталған процесі жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Сатып алу екі кезеңдік конкурс рәсімдерді өткізуді көздейді:

1 кезең - алдын ала біліктілік іріктеуін өткізу;

2 кезең - баға мен баға емес ұсыныстарын салыстыру.

Сатып алуды жүргізу процесі конкурсты дайындау және жариялауды, біліктілік талаптарын белгілеуді және алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізуді, бағалық және бағалық емес өлшемдер бойынша өтінімдерді қарау және бағалауды, ұсыныстарды салыстыру және өнім берушіні іріктеуді, сатып алу туралы шарт жасасуды, сондай-ақ

конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу тәртібін реттейтін ережелерді, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді, шарттарды бұзу және аяқтау тәртібін қамтиды.

4-1. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындыларын шығарғанға дейін мынадай жағдайларда сатып алуды жүзеге асырудан бас тартады:

1) жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды қысқарту;

2) Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылуға жататын жобалардың тізбесіне жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігін болдырмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда бюджетті қайта бөлу, сол сияқты ағымдағы жылы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтыру енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 1-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-2. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларға қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Ескерту. 1-тарау 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, шарттар жасасу тәртібі

1-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сатып алуды конкурс тәсілімен өткізу кезінде мынадай біліктілік талаптары белгіленеді:

1) құқық қабілеттілігіне (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігіне (жеке тұлғалар үшін) ие болуы.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) сәйкес айналысуға рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге

асырған жағдайда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілерге тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы талапты белгілейді;

2) қаржылық тұрғыдан орнықты болуға және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі болмауға, оның ішінде қызметкерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі болмауға;

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатпауы;

4) осы тармақтың 1) тармақшасының талаптары шеңберінде рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші немесе екінші санаттағы рұқсаттарда көзделген жұмыс түрлеріне жатпайтын, "кілтпен тапсыру" құрылысы туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті еңбек ресурстарына (тұйық цикл объектілері бойынша жұмыстарға қолданылатын) ие болуға;

Бұл талап сатып алу алдын ала біліктілік іріктеу тәсілімен жүзеге асырылған жағдайда қолданылады.

5) кем дегенде 1 ұқсас объект бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іске асыру тәжірибесі болуы тиіс.

Бұл талап мынадай шарттар сақталған кезде тұйық цикл объектілері бойынша тапсырыс берушінің қалауы бойынша белгіленеді:

1) жұмыстар үшін сатып алу құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 250 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын;

2) көрсетілетін қызметтер үшін сатып алу құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 12 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын жағдайлар сақталғанда белгілейді;

6) осы Қағидалардың 12-параграфына сәйкес рұқсат етілген жүктеме көрсеткішінің болуы;

Объектіні одан әрі сенімгерлік басқарумен өз қаражаты есебінен жобаны іске асыруды таңдау кезінде осы тармақтың 3), 4), 6) тармақшаларының талаптары қолданылмайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жұмыстардың, жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстардың, түрлеріне ұсынылады.

Қаржылық тұрақтылық бөлігінде 2) тармақшаларда және 5-тармақтың 4) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ұқсас жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іске асыру тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талабы осы Қағидалардың 13-параграфына сәйкес расталады.

2-параграф. Әлеуетті өнім берушінің өтініміне қолданылатын баға және баға емес өлшемшарттар

8. Конкурс құжаттамада баға өлшемі - әлеуетті өнім берушінің ұсынған бағасына негізделген "толық аяқталған" жобасын іске асыру құны белгіленеді.

9. Конкурстық құжаттамада өнім берушіні таңдау бойынша конкурс жеңімпазын айқындау үшін қолданылатын мынадай бағалық емес өлшемшарттар белгіленеді:

1) әлеуетті өнім берушінің орындалған шарттар бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) жергілікті қамту үлесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме;

3) құрылыс нысаны бойынша сапа кепілдігі;

4) объектінің энергия тиімділігі сыныбын қамтамасыз ету;

5) әлеуетті өнім берушінің жобаны іске асыру орны бойынша тіркелуі;

6) объектіні пайдалануға бергенге дейін аванс беруден, аралық төлемдерден бас тарту шарттары;

7) жобаны әрі қарай сенімгерлік басқарумен өз қаражаты есебінен іске асыру (тұйық цикл объектілеріне қолданылады);

8) құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімнен бұрын орындау;

9) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін (ағымдағы жылды қоспағанда) өтінім беру жылынан алдыңғы қатарынан соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтары үшін қолданылатын бағалық емес өлшемшарттар белгіленеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сатып алулар Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 297 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері реестрінде № 36606 болып тіркелген).энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процесін мониторингтеу қағидаларына

сәйкес ұлттық жоба шеңберінде іске асырылуға жататын жобалар тізбесіне енгізілген жобалар бойынша электрондық сатып алу платформасында жүзеге асырылады..

11. Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылуға жататын жобалар тізбесіне жоба енгізілгеннен кейін, тапсырыс беруші:

- 1) осы Қағиданың 3-параграфына сәйкес біліктілік органын қалыптастырады;
- 2) осы Қағидалардың 4-параграфына сәйкес конкурстық құжаттаманы бекітеді;
- 3) бекітілген конкурстық құжаттаманың негізінде осы Қағидалардың 5-параграфына сәйкес сатып алуларды өткізу туралы хабарландыруды электрондық сатып алу платформасында орналастырады.

2-1-параграф Сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер

Ескерту. 2-тарау 2-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Әлеуетті өнім берушіге, егер:

1) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы, құрылтайшысы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміндегі және (немесе) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіндегі заңды тұлғаларды басқарумен, құрумен, жарғылық капиталына қатысумен байланысты болса;

2) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы, құрылтайшысы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болса;

3) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне және (немесе) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы, құрылтайшысы болса;

4) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде тұрса, өткізілетін сатып алуға қатысуға рұқсат берілмейді;

11-2. Осы Қағидалардың 11-1-тармағының 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген шектеулер Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде тұрған әлеуетті өнім берушілерге де қолданылады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу бойынша конкурстың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушіге сол бір құрылыс объектісінде инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуына рұқсат берілмейді.

Инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстың жеңімпазы деп танылған әлеуетті өнім берушіге сол бір құрылыс объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алуға қатысуға рұқсат берілмейді.

11-3. Өз мүддесінде сатып алу жүзеге асырылатын тапсырыс берушінің осындай сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуына рұқсат берілмейді.

3-параграф. Біліктілік органы

12. Алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу рәсімін орындау үшін Тапсырыс беруші біліктілік органын қалыптастырады.

13. Біліктілік органы төрағадан және төрт мүшеден аспайтын, оның ішінде жоба іске асырылатын тиісті қаланың не ауданның салалық жергілікті атқарушы органының лауазымды тұлғасынан (құрылымдық бөлімшенің басшысынан немесе оның орынбасарынан төмен емес) тұрады.

14. Біліктілік органының төрағасы болып өкілеттігіне біліктілік органының жұмысын жоспарлау және қызметіне басшылық ету, сондай-ақ алдын ала біліктілік іріктеуін жүргізу шеңберінде өзге де функцияларды жүзеге асыру кіретін тапсырыс берушінің бірінші басшысы не бірінші басшысының орынбасары айқындалады.

15. Біліктілік органының құрамы Тапсырыс берушінің шешімімен сатып алудың электрондық платформасында бекітіледі.

16. Біліктілік органының ұйымдастырушылық қызметін Тапсырыс беруші айқындайтын оның хатшысы оның лауазымды адамдарының арасынан қамтамасыз етеді. Хатшы біліктілік органының мүшесі болып табылмайды және осы орган шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

17. Біліктілік органы мүшелерінің қайсыбірінде мүдделер қақтығысы болған кезде осы адам бұл туралы біліктілік органының хатшысын хабардар етеді, бұл туралы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес алдын ала біліктілік іріктеу хаттамасына жазба жасалады. Бұл ретте осы адам біліктілік органының шешім қабылдауына қатыспайды. Егер мүдделер қақтығысы біліктілік органының төрағасында анықталса, тапсырыс беруші біліктілік органын қайта бекітеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Біліктілік органының жұмысына байқаушылар ретінде тұрақты негізде саны екі өкілден аспайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысады.

4-параграф. Конкурстық құжаттама

19. Конкурсқа қатысуға өтінімге қойылатын талаптарды, конкурс өткізу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын конкурстық құжаттама осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде электрондық құжат түрінде қалыптастырылады.

20. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Конкурстық құжаттама жобаны іске асырудың шекті құнын ескере отырып қалыптастырылады және шарт құнының 5% аспайтын көлемде жобалау-іздігіру жұмыстарына аванс беру шарттарын қамтиды.

4-1-параграф. Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 2-тарау 4-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу мынадай:

- 1) біліктілік органының құрамын айқындау және бекіту, біліктілік органының хатшысын айқындау;
- 2) конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту;
- 3) электрондық платформада конкурсты жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық құжаттама жобасының мәтінін орналастыру;
- 4) конкурстық құжаттаманың жобасын электрондық платформа арқылы алдын ала талқылау және конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстық құжаттама мәтінін электрондық платформада орналастыру;
- 5) әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды электрондық платформада автоматты түрде тіркеу;
- 6) өтінімдерді автоматты түрде ашу;
- 7) біліктілік органының әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ осы Қағидалардың 2-1-параграфында көзделген шектеулердің болмауы тұрғысынан электрондық платформа арқылы қарауы;
- 8) біліктілік органының жұмыс тәжірибесін және жүктеудің рұқсат етілген көрсеткішін айқындай отырып, алдын ала біліктілік іріктеу хаттамасын қалыптастыру және оны электрондық платформада орналастыру;
- 9) электрондық платформаның конкурсқа қатысушылардың бағалық және бағалық емес өлшемдерін автоматты түрде салыстыру, конкурс жеңімпазын, сондай-ақ екінші

орын алған әлеуетті өнім берушіні айқындау және электрондық платформада конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы орналастыру.

5-параграф. Сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

22. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың жобасы бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық платформада конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасын орналастырады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-1. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынуының соңғы күнінің мерзімі конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына шағымдану мерзімі аяқталған күннен бастап кемінде 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 2-тарау 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-2. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өз бастамасы бойынша конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізе алады. Мұндай жағдайларда конкурстық құжаттама осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен алдын ала талқылануы тиіс.

Ескерту. 2-тарау 22-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-3. Конкурс тәсілімен сатып алу қайтадан жүзеге асырылған жағдайда, сатып алуды қайтадан өткізуге байланысты шартты орындау мерзімінің ұлғаюын қоспағанда, тапсырыс беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын өткізілмеген конкурстың конкурстық құжаттамасы өзгертілмеген жағдайда конкурс тәсілімен сатып алуды қайтадан жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін электрондық платформада орналастырады.

Ескерту. 2-тарау 22-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Конкурс тәсілімен сатып алу өткізу туралы хабарландыруда, мынадай:

1) қолда бар жабдықпен толық жинақтау, жете жарақтандыру, біріздендіру немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ негізгі (орнатылған) жабдықты одан әрі

техникалық сүйемелдеу, оған сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) лицензиялық келісімдерге сәйкес технологиялық қондырғыларды пайдалану кезінде тауарларды сатып алу жағдайларын қоспағанда, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларды, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шыққан жерін, өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушілеріне тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және (немесе) құжаттарды көрсетуге жол берілмейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда конкурстық құжаттамадан басқа Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 297 бұйрығымен бекітілген Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процесін мониторингтеу қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 тамызда № 36606 болып тіркелді) 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық жоба бойынша табиғи монополиялар субъектісінің өтінімі қамтылуға тиіс.

25. Конкурс тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруға, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға ашық қолжетімділікті сатып алудың электрондық платформасында әкімші қамтамасыз етеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1-параграф. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау

Ескерту. 2-тарау 5-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-1. Конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті шарты әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

25-2. Әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 2 (екі

) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге электрондық платформа арқылы жібереді.

25-3. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

25-4. Ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамаудың негіздемелері мен себептерін көрсете отырып, оларды қабылдамайды;

3) конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсініктеме береді.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

25-5. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасы жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін) орналастырылады. Бұл ретте өтінімдерді қабылдау конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасына шағымдану мерзімі өткеннен кейін келесі жұмыс күні (Астана қаласының уақыты бойынша 09.00-ден бастап) жүзеге асырылады.

25-6. Осы Қағидалардың 25-4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың жобасын алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге конкурстық құжаттаманың бекітілген мәтінін орналастырады.

25-7. Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

25-8. Осы Қағидалардың 25-4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің толық негіздемесі конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

25-9. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары электрондық платформа арқылы келіп түскен кезде тапсырыс

берушілер конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндірмелерін көрсетеді.

25-10. Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында техникалық өзіндік ерекшеліктің (бар болса), шарттың және біліктілік талаптарының (бар болса) жобалары ережелерін түсіндіру мәтіні көрсетіледі.

6-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурсқа қатысуға қамтамасыз етуді енгізу

26. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады және конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық сатып алу платформасы арқылы беріледі. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурс құжаттамасында белгіленген талаптар мен шарттарға келісім беру нысаны болып табылады. Әлеуетті өнім берушілер өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін берілген өтінімдерді кері қайтарып алуға құқылы. Өтінімге электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоя отырып, әлеуетті өнім беруші өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және тексеруге келісім береді.

27. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұсынатын конкурсқа қатысу өтінімі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес конкурс құжаттамасында санамаланған құжаттарды, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 35 тармағында көзделген шектеулердің жоқтығы туралы растауын қамтиды.

28. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім және оған қоса берілетін құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде ресімделуі тиіс. Егер құжат шет тілінде ресімделген жағдайда, құжаттың түпнұсқасымен бірге оның қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырған аудармасы қоса ұсынылады.

29. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қолданылу мерзімі алты және одан да көп айды құрауы мүмкін емес құжаттарды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінімге қоса берілетін құжаттар берілген күнінен бастап 6 (алты) ай ішінде жарамды болуға тиіс, мұндай жағдайларда қолданылу мерзімі 6 (алты) айдан кем қабылданады.

30. Өтінімге қоса берілетін құжаттар мәтінді, барлық деректемелерді, күндерді, визаларды, бұрыштамаларды, өзге де жазуларды, мөрлерді, мөртабандар мен белгілерді еркін оқу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Құжаттар автоматтандырылған тексеру және ақпаратты көзбен шолып оқу мүмкіндігін қамтамасыз ететін машинада оқылатын форматта электрондық сатып алу платформасы арқылы электрондық түрде жүктеледі. Электрондық құжаттардың рұқсат етілген форматтары: PDF, DOC, DOCX, XLS, XLSX, PNG, JPG (JPEG).

31. Әлеуетті өнім беруші өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда ұсынылатын мәліметтердің толықтығы, өзектілігі және дұрыстығы үшін жауапты болады.

32. Алдын ала біліктілік іріктеуден өтуге өтінім берген кезде Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденттерімен бірдей құжаттарды не мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған (куәландырылған) ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

33. Электрондық сатып алу платформасы конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте конкурсқа қатысуға өтінім қабылданды деп есептеледі.

34. Өтінім берілген сәттен бастап және конкурс қорытындыларына қол қойылғанға дейін берілген өтінімдердің саны, әлеуетті өнім берушілердің атаулары туралы ақпарат, сондай-ақ қатысушыларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін кез келген деректер басқа әлеуетті өнім берушілерге қолжетімді емес және жабық қолжетімділікте болады.

35. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай жағдайларда электрондық сатып алу платформасынан бас тартуға жатады:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген;

2) нәтижесінде өтінім уақтылы ұсынылмаған техникалық іркіліс туындаған жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін сатып алудың электрондық платформасына келіп түскен;

3) конкурстың бағалық ұсынысы осы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе;

4) Осы Қағидалардың 53-тармағында көзделген;

жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы демпингтік деп танылды - әлеуетті жеткізуші ұсынған құн конкурстық құжаттамада мәлімделгеннен 7% -ға төмен.

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыстар мен қызметтерге арналған баға ұсынысы демпингтік деп танылады – әлеуетті өнім беруші ұсынған құн конкурстық құжаттамада мәлімделгеннен 7%-ға төмен.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген ерекше жағдайларда, өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімін электрондық сатып алу платформасының әкімшісі тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен электрондық платформаның жұмыс істеу қағидаларында көзделген тәртіппен ұзартады.

36. Егер әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бірде-бір өтінім түспесе, өтінімдерді беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне, бірақ бір реттен артық емес ұзартылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Алдын ала біліктілік іріктеу конкурсы болған жағдайда, осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген мерзім аяқталғаннан кейін өтінімі қабылданбаған әлеуетті өнім берушіге алдын ала біліктілік іріктеуге қатысуға рұқсат беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Егер осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген мерзім аяқталғаннан кейін бір де бір өтінім берілмеген жағдайда, конкурс өткізілмеген болып танылады.

39. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өтінімнің кепілдік ретінде өтінімді қамтамасыз етуді ұсынады, ол төмендегі кепілдіктерді білдіреді:

1) ол өтінімді конкурсқа баға ұсыныстарын беру соңғы мерзімі өткеннен кейін қайтарып алмайды немесе өзгеріс енгізбейді;

2) егер конкурстық құжаттаманың талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, оны конкурстың жеңімпазы деп айқындаған жағдайда, осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес конкурс қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімдерде Тапсырыс берушімен шарт жасасады және сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

40. 30.05.2026 дейін қолданыста болды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 бұйрығымен.

41. Тапсырыс берушінің электрондық әмияндағы ақшаланы пайдалануына жол берілмейді.

42. Өтінімді қамтамасыз ету осы конкурсты сатып алу үшін көрсетілген соманың 1% -ы мөлшерінде енгізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

43. Әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) осы әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын ашудың соңғы мерзімі өткенге дейін баға ұсынысын кері қайтарып алған;

2) сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойғанда және Қағидалардың 170-тармағында көзделген шағымдану мерзімдері аяқталғанда қайтарылады

Бұл талап конкурс жеңімпазына және конкурс қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге қолданылмайды;

3) сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурстың қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз еткен жағдайда енгізген;

5) сатып алудың күшін жою және (немесе) оны жүзеге асырудан бас тарту.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Әлеуетті өнім беруші енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мына жағдайлардың бірінде орын алған кезде қайтарылмайды:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда;

2) конкурс жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талапты орындамаған не уақтылы орындамаған (олар болған жағдайда авансты немесе кепілдікті қамтамасыз ету жағдайда);

3) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша осы Қағидаларда көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса немесе сатып алу туралы шарт жасаса, конкурстық құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу (олар болған жағдайда авансты немесе кепілдікті қамтамасыз ету) туралы талапты орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайда.

7-параграф. Алдын ала біліктілік іріктеу

45. Біліктілік органы электрондық сатып алу платформасында әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында алдын ала біліктілік іріктеу жүргізеді.

46. Өтінімдер ашылғанға дейін берілген өтінімдер саны және оларды тапсырған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қолжетімсіз болып табылады.

47. Алдын ала біліктілік іріктеу кезеңінде әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері электрондық сатып алу порталында ашылғаннан кейін тек ұқсас жобалар бойынша жұмыс тәжірибесіне бағалау жүргізу, жүктеме көрсеткішін есептеу және еңбек ресурстарының бар екендігін растау үшін қажетті бөлігінде ғана біліктілік органы, бақылаушылар және хатшыға қолжетімді болады. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарауға толық қолжетімділік конкурс қорытындыларына қол қойылғаннан кейін беріледі.

Бұл ретте, салықтар бойынша берешектің және еңбекақы бойынша мерзімі өткен берешектің болуы/болмауы туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің жобаны іске асыру орны бойынша әлеуетті өнім берушіні тіркеу жөніндегі бағалық

емес өлшемшартқа сәйкестігі әлеуетті өнім берушінің тіркеу деректері мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер негізінде сатып алудың электрондық порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 28.01.2026 № 26 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-1. Сатып алу сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2 (екі) миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын конкурсқа қатысқан кезде, әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың алдындағы соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін жыл сайын кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтар болған кезде 1 (бір) балл беріледі (ағымдағы жылды қоспағанда).

Әр түрлі жылдары төленген салықтарды жинақтауға жол берілмейді. Егер көрсетілген жылдардың бірінде төленген салықтардың сомасы белгіленген мөлшерден аз болған жағдайда балл берілмейді.

Ескерту. 2-тарау 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Алдын ала біліктілік іріктеу жүргізу кезінде біліктілік органы:

1) қажет болған жағдайда, электрондық сатып алу платформасы арқылы әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне қатысты материалдар мен түсініктемелер сұралады, бұл өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру процесін жеңілдету үшін жүзеге асырылады;

2) конкурсқа қатысуға арналған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін біліктілік талаптарына және конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырады;

3) біліктілік талаптары мен конкурс құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтайды;

4) әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін осы Қағидалардың 13-параграфына сәйкес айқындайды.

49. Конкурсқа қатысуға өтінімді толықтыру үшін жетіспейтін құжаттарды сұрату, өтінімдегі құжаттарды ауыстыру немесе дұрыс рәсімделмеген құжаттарды түзету мақсатында біліктілік органы тарапынан сұраныс жіберу және басқа да әрекеттер жасауға жол берілмейді.

50. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына, соның ішінде банкроттық немесе ликвидация процедураларына қатысушылықтарының болмауына сәйкестігін нақтылау мақсатында, біліктілік органы банкроттық немесе ликвидация процедураларын қадағалайтын уәкілетті органның интернет-ресурсындағы ақпаратты қарастырады.

51. Берілген құжаттарда сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, құжаттар растайтын ретінде қабылданбайды.

52. Егер әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген негіздер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген жағдайда, сатып алу қорытындылары туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімін қабылдамаудың негіздемелері, сондай-ақ қабылдамауға негіз болған растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіледі.

53. 53-тармақтың бірінші абзацы 30.05.2026 дейін қолданыста болды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 бұйрығымен.

1) мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалған:

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтердің болмауы әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбау;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде салық берешегінің болуы, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықтың сәйкессіздігі әлеуетті өнім берушінің өтінім берілген күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен ерте қалыптастырылмаған мәліметтерді салық төлеушінің жеке кабинетінен ұсынуы арқылы айқындалады;

қызметкерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болуы;

конкурстық құжаттамаға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық ұсынбау;

конкурстық құжаттамада болуы белгіленген сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жеткілікті жұмыс тәжірибесінің болмауы;

әлеуетті өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурстарын иелену бөлігінде (қолдану кезінде) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса. Мұндай факт сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгіленеді;

банкроттық не таратылу рәсіміне жатады;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіндігі мынадай негіздер бойынша айқындалса:

конкурсқа сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер туралы мәліметтерді, сондай-ақ жұмыс түрлерін ұсынбау (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерге (бірлесіп орындауға) жиынтығында орындалатын жұмыстардың жалпы көлемінің елу пайызынан астамын бере отырып, қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынуы;

конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбау;

тиеу көрсеткіші 1,5 мәнінен асады;

конкурстық өтінімде ұсынылған баға емес өлшемшарттарға немесе конкурстың қорытындыларына әсер ететін құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталғанда. Бұл ретте мұндай факт сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгіленеді.

3) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде және (немесе) "Самұрық-Қазына "ҰӘҚ" АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде тұрады. Егер әлеуетті өнім беруші консорциум болып табылған жағдайда, осы тармақшаның талабы оның әрбір қатысушысына қолданылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Электрондық сатып алу платформасы:

өтінімдерді беру кезінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде және (немесе) "Самұрық-Қазына "ҰӘҚ" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде тексеруді;

осы Қағидаларда көзделген негіздер орын алған жағдайда өнім берушілер туралы мәліметтердің мемлекеттік сатып алулардың адал емес қатысушылары Реестріне автоматты түрде жіберілуін қамтамасыз етеді.

55. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу үшін негіздер болып табылады:

1) құжаттарды жалғандау (сот шешімі бойынша);

2) сатып алу жеңімпазының келісімшарт жасаудан бас тартуы (автоматты түрде);

3) келісімнің орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде енгізбеу (автоматты түрде);

4) келісімшарттың орындалмауы немесе дұрыс орындалмауы (сот шешімі бойынша).

ішінде өнім берушіге бас тарту себебін, растайтын құжаттарды (уәкілетті органның шешімін) және өтемақы үшін нақты келтірілген шығындардың есебін көрсете отырып, ресми хабарлама жіберуге міндетті.

145-1. Тапсырыс беруші жобаны іске асырудың шекті құны дұрыс көрсетілмеген жағдайда, табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органға электрондық платформа арқылы сатып алудың күшін жоюды келісу туралы сұрау салу жібереді.

Ескерту. 2-тарау 145-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. Бұл ретте шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға:

- 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабпен көзделген жағдайда;
- 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде жол беріледі;

24-параграф. Сатып алу туралы шарттар бойынша наразылық жұмыстарын жүргізу

147. Өнім беруші тарапынан сатып алу туралы шарттың талаптары орындалмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, наразылық жұмысын ұйымдастыруға міндетті.

Наразылық жұмысын Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды көрсете отырып, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) және (немесе) шығындар сомасын есептей отырып, құжатпен ресімдейді.

Шағымдар өнім берушіге бұзушылық анықталған сәттен бастап не шартта белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

148. Сатып алу туралы шарттың орындалмау немесе тиісінше орындалмау фактісін анықтаған заңды күшіне енген сот шешімі (қаулысы) болған жағдайда, өнім беруші бір мезгілде мынадай шарттар сақталатын жағдайларды қоспағанда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі:

өнім беруші шарт міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) барлық сомасын төлеген немесе Өнім берушіден толық көлемде өндіріп алынған (ұсталған);

өнім беруші барлық бұзушылықтарды жоюды және орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметтерді қабылдаудың қорытынды актілеріне қол қояды қоса алғанда, сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған;

Тапсырыс беруші келтірілген залалдың жоқтығын құжатпен растады не өнім беруші барлық келтірілген залалды (ұстап қалуларды не ерікті өтемақыны қоса алғанда) толық көлемде өтеді, бұл тиісті өзара есеп айырысу актілерімен, төлем тапсырмаларымен және өзге де қаржылық құжаттармен тіркелген.

149. Өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін өнім берушіге есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын және осыған байланысты туындаған залал сомасын енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы өнім берушіге ол шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылады.

25-параграф. Өнім берушілердің сатып алу шарттарына және жасалған сатып алу туралы шартқа сәйкестігі мониторингі

150. Тапсырыс беруші өнім берушінің қызметіне араласпай, өнім берушілердің өткізілген конкурстың талаптарына және (немесе) сатып алу туралы шарттың талаптарына және (немесе) материалдық-техникалық және еңбек ресурстарының болуына сәйкестігіне мониторинг жүргізуге құқылы.

151. Өнім берушілердің өткізілген конкурс талаптарына сәйкестігін тексеру жылына 1 (бір) реттен артық емес жүргізіледі.

152. Өнім берушінің объектісіне шығу үшін Тапсырыс беруші көшпелі комиссия құрады.

153. Көшпелі комиссия Тапсырыс берушінің өкілдерінен және конкурс шылар ретінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен тұрады. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы көшпелі комиссияға кандидаттарды жіберуден бас тартқан жағдайда, мониторинг Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуынсыз жүргізіледі.

154. Шығу нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші ол аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде фото- және бейнематериалдарды (олар болған кезде) қоса бере отырып, тиісті есепті қалыптастырады, қол қояды және электрондық сатып алу платформасында орналастырады.

Электрондық сатып алу платформасында орналастырумен бір мезгілде Тапсырыс беруші осы есепті электрондық сатып алу платформасы немесе шартта көзделген өзге де байланыс тәсілі арқылы әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Әлеуетті өнім беруші есепті алған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде электрондық сатып алу платформасы арқылы анықталған ескертулер бойынша дәлелді қарсылықтарды және (немесе) түсініктемелерді ұсынуға құқылы.

Тапсырыс беруші ұсынылған қарсылықтарды оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға және қарсылықтардың негізділігі расталған жағдайда, түзетілген нұсқасын электрондық сатып алу платформасында жариялай отырып, есепке тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

Өнім берушінің қарсылықтары қабылданбаған жағдайда Тапсырыс беруші қорытынды есепте бас тартудың негіздемесін көрсетуге міндетті.

155. Сондай-ақ өнім берушінің объектіге шығуы өнім берушінің конкурс , сатып алу туралы шарт талаптарына сәйкес еместігі туралы үшінші тұлғалардың өтініштері (шағымдары) келіп түскен жағдайда, өнім беруші бекітілген Жұмыс жоспар-кестесін күнтізбелік 30 күннен артық сақтамаған кезде жүзеге асырылады.

156. Өнім берушінің сәйкестігін мониторингілеу кезеңінде жұмыстарды жүргізу тоқтатылмайды.

26-параграф. Сатып алу туралы шартты жабу

157. Тараптар сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Тапсырыс беруші өнім берушімен сатып алу туралы шарт бойынша өзара есеп айырысулар мен міндеттемелерді салыстыру актісіне қол қою арқылы шартты жабуды жүзеге асыруға міндетті.

158. Салыстырып тексеру актісі орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдаудың соңғы актісіне не сатып алу туралы шарттың толық орындалуын растайтын өзге де құжатқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

159. Салыстырып тексеру актісіне сатып алудың электрондық платформасы арқылы екі тарап та қол қоюға тиіс.

160. Тапсырыс беруші салыстырып тексеру актісінің жобасын оны ресімдеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Электрондық сатып алу платформасы арқылы өнім берушіге жібереді.

161. Өнім беруші салыстырып тексеру актісіне қол қоюға не актінің жобасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дәлелді қарсылықтарын ұсынуға міндетті.

162. Уәжді қарсылықтар мерзімінде ұсынылған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарауға және нақтыланған салыстыру актісіне қол қоюға не тараптардың ұстанымдарын көрсете отырып, уәжді бас тартуды беруге міндетті.

163. Егер өнім беруші салыстыру актісіне қол қоймаған және белгіленген мерзімде дәлелді қарсылықтар ұсынбаған жағдайда, салыстыру актісіне өнім беруші әдепкі бойынша қол қойған болып есептеледі.

164. Салыстырып тексеру актісі бойынша реттелмеген келіспеушіліктер болған кезде сатып алу туралы шарт бойынша түпкілікті төлем даулы мәселелер бар сомаларды қоспағанда, нақты қабылданған және төленген міндеттемелердің көлемі шегінде жүзеге асырылады.

27-параграф. Сатып алуға шағымдану

165. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Әлеуетті өнім берушінің шағымы табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органға электрондық сатып алу платформасы арқылы:

- 1) конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын;
- 2) конкурс қорытындыларының хаттамасы.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-1. Тапсырыс берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешіміне шағым электрондық сатып алу платформасы арқылы беріледі.

Тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымда:

- 1) шешімдеріне шағым жасалған заңды тұлғаның, әрекетінің (әрекетсіздігінің) атауы, орналасқан жері;
- 2) шағым берген адамның атауы, орналасқан жері;
- 3) шеңберінде бұзушылықтар жасалған сатып алу туралы мәліметтер;
- 4) қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұзушылықтардың нақты фактілерін көрсету қамтылады.

Ескерту. 2-тарау 166-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-2. Шағымды табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен оның келіп түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 2-тарау 166-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-3. Осы Қағидалардың 166-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шағымдалмаған конкурстық құжаттаманың ережелеріне және (немесе) алдын ала талқылау хаттамасындағы талаптарға қатысты дәлелдер осы Қағидалардың 166-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берілген шағымды қарау кезінде уәкілетті органның қарауына жатпайды.

Ескерту. 2-тарау 166-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-4. Сатып алуға тапсырыс берушінің әрекетіне табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органға шағымданған жағдайда шағым мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралады.

Ескерту. 2-тарау 166-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-5. Осы Қағидалардың 166-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін берілген шағым қарауға жатпайды.

Ескерту. 2-тарау 166-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

167. Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган алдын ала біліктілік іріктеу конкурстарында шағымды қарау нәтижесі бойынша мыналарды:

- 1) сатып алу қорытындыларының күшін жою туралы;
- 2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- 3) қорытындыны қайта қарауды көрсете отырып, оны тапсыру (алу) күнінен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы тапсырыс берушіні хабардар етеді.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Электрондық сатып алу платформасының жұмысындағы техникалық іркілістердің сатып алу рәсімдеріне әсер ету фактісі анықталған жағдайда, табиғи монополиялар саласындағы органының шешімі қалыптастырылады.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

169. Шешімнің дәлелді негіздемесін қамтитын электрондық сатып алудың платформасы жұмысындағы техникалық іркіліс әсер еткен алдын ала біліктілік іріктеу қорытындысының күшін жою және (немесе) қайта қарау туралы шешім тапсырыс берушіге, өтініш берушіге, әлеуетті өнім берушілерге (өнім берушіге) осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жіберіледі.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. Сатып алу туралы шартты жасасу мерзімі қорытындылар хаттамасы жарияланған күннен бастап шағымдану мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Конкурс қорытындыларына шағымдар келіп түскен жағдайда, сатып алу туралы шартты жасасу мерзімі шағымды қарау нәтижелері шыққанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Энергетикалық және
коммуналдық секторларды
жаңғырту жөніндегі ұлттық
жобаны іске асыру шеңберінде
жұмыстар мен қызметтерді
сатып алу, жобаларды және
өнім берушілерді іріктеу,
шарттар жасасу қағидаларына
1-қосымша

Бекітемін:
(тапсырыс берушінің (бірлескен
ұйымдастырушының) толық атауы)
(конкурс құжаттамасын бекіткен
тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса)
Шешім № ____ Күні ____

КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА

(жұмыс пен қызмет түрі)

(конкурстың атауы)

Тапсырыс беруші:

(атауы, орналасқан жері, БСН көрсетіледі)

Тапсырыс беруші өкілі:

(Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс электрондық сатып алу платформасында жобалар тізбесіне сәйкес өнім берушіні (өнім берушілерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы конкурс құжаттамасы (бұдан әрі – КҚ) мыналарды қамтиды:

1) осы КҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісім;

2) осы КҚ-ға 2, 2-1-қосымшаларға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім нысанын;

2-1) осы КҚ-ға 2-2-қосымшаға сәйкес жүктеменің рұқсат етілген көрсеткішін есептеу үшін әлеуетті өнім берушінің мәліметтерін;

3) осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес бенефициарлық иелік туралы ақпарат;

4) осы КҚ 4-1 немесе 4-2-қосымшаларына сәйкес сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша әлеуетті өнім берушінің келісімі (міндеттемелері);

5) осы КҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес сатып алынатын құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жұмыстарының техникалық ерекшелігі;

6) осы КҚ-ға 6-қосымшаға сәйкес сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі;

7) осы КҚ 7-қосымшаға сәйкес бірлескен қызмет туралы үлгілік шарт (үлгілік консорциалдық келісім);

8) осы КҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз етуге арналған банктік кепілдік нысаны.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы конкурс бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға бөлінген сома ___ теңге.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші өтініммен бірге бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде өтінімді қамтамасыз етуді мына нысандардың бірінде енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы КҚ-ның 8-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша конкурстық әдіспен сатып алуды жүзеге асыру кезінде өтінімді қамтамасыз ету мөлшері бір пайызды құрайды.

Әлеуетті өнім беруші электрондық әмияндағы ақшаның бір бөлігіне немесе барлығына үшінші тұлғаларға талап ету құқығын беретін әрекеттер жасауға жол берілмейді.

5. Өтінімді қамтамасыз ету мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өз мерзімінен кем болмауы тиіс.

2. Әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді ресімдеу және ұсыну талаптары

6. Конкурсқа қатысу өтінімі электрондық сатып алу платформасы арқылы электрондық құжат түрінде беріледі және онда әлеуетті өнім берушінің осы КҚ-да көрсетілген талаптар мен шарттарға сәйкес жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімі, сондай-ақ белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімі көрсетіледі.

7. Өтінім жібермес бұрын әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу келісімін қабылдайды.

8. Консорциум ретінде қатысуды жоспарлаған заңды тұлғалар өтінім бермес бұрын бірлескен қызмет туралы шартты (консорциумдық келісімді) электрондық сатып алу платформасында рәсімдейді және жасайды.

9. Конкурсқа қатысу туралы өтінім мыналарды қамтиды:

1) әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар көшірмелері немесе электрондық құжаттар:

рұқсаттар (хабарламалар) және/немесе патенттер, куәліктер, сертификаттар, сатып алынатын тауарларды өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқық беретін өзге де құжаттар;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама. Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген үлгі жарғы негізінде қызметін жүзеге асырса, мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) осы Қағидаларда белгіленген мөлшерде конкурсқа қатысуға өтінімді мынадай түрде қамтамасыз ету:

электрондық құжат түріндегі банктік кепілдік;

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

3) осы КҚ-ға сәйкес электрондық құжат нысанындағы конкурстық баға және бағалық емес ұсыныстар;

4) өтінім жеңімпаз деп танылған жағдайда конкурс қорытындылары туралы хаттамада ашылуға жататын бенефициарлық иелік туралы ақпарат;

5) конкурсқа қатысу туралы келісім;

6) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету жөніндегі келісімі (міндеттемелері);

7) әлеуетті жеткізушінің жұмыстарды орындау немесе көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу шарты бойынша міндеттемелері туралы келісім;

8) жүктеменің рұқсат етілген көрсеткішін есептеу үшін әлеуетті өнім берушінің мәліметтерін қамтиды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдерді ашу күнінен бастап кемінде алпыс күнтізбелік күн.

11. Өтінімдегі құжаттардың электрондық көшірмелері, түсі қандай болса да, анық және оқылатын болуы тиіс.

12. Өтінім мен конкурсқа қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауына қарай қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады.

Басқа тілде ұсынылған жағдайда нотариалды куәландырылған дәл аудармасы қоса беріледі.

Конкурстық
құжаттамаға
1-қосымша

Конкурсқа қатысу туралы келісім

Осы сатып алуға конкурс тәсілімен әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға және осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) келісім береміз, сондай-ақ осы Қағидалармен белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкестікті растайтын мәліметтерді алуға келісеміз.

Егер КҚ техникалық сипаттама орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жоба-сметалық құжаттаманы қамтыса, біз осы құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындауға да келісеміз.

Осымен біз осы Қағидаларда көзделген шектеулердің бұзылмауын, сондай-ақ мен (әлеуетті өнім беруші) және тапсырыс беруші арасында осы Қағидаларда жол берілмейтін қатынастардың болмауын растаймыз және Қағидаларда көрсетілген фактілер анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алу туралы шартты бұзуға келісім береміз.

Конкурс құжаттамасымен таныс екенімізді, комиссияға өз құқығымыз, біліктілігіміз, сапалық және өзге де сипаттамаларымыз туралы шынайы мәліметтер ұсынатынымызды, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен белгіленген өзге де шектеулерді сақтайтынымызды растаймыз.

Өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда жалған мәліметтер бергеніміз үшін толық жауапкершілік аламыз.

Белгілі болған тапсырыс берушінің лауазымды адамдарының немесе конкурсқа қатысушылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары фактілері туралы уәкілетті органды жедел хабардар етуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзуға әкелетін іс-әрекеттер үшін толық жауапкершілік аламыз.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін, сондай-ақ осы Қағидаларды бұзғаны үшін толық жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз.

Өтініміміз жеңімпаз деп танылған жағдайда барлық бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қорытынды хаттамада ашуға келісеміз.

Өтініміміз жеңіп, сатып алу шарты жасалған жағдайда, сатып алу шартын орындауды қамтамасыз ету сомасын және кепілдік міндеттемелерін қамтамасыз ету

сомасын (егер көзделсе) осы КҚ-да көрсетілген мөлшерде енгіземіз және шартты орындауға қатысты ақпаратты ашуға келісеміз.

Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде "толық аяқталған" құрылыс бойынша жұмыстарды сатып алу кезінде конкурсқа қатысуға өтінім (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтерді көрсете отырып толтырады)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс № _____
Конкурс атауы _____
Тапсырыс берушінің атауы _____
1. Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер
Әлеуетті өнім берушінің атауы _____
БСН/ЖСН/ ССН/ТТН _____
Заңдық мекенжайы _____
Нақты мекенжайы _____
Байланысатын адам (ТАӘ, телефон, e-mail) _____
2. Біліктілік талаптарына сәйкестігі:

1) Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы	Қызмет түрі	Конкурс нысанасына сәйкес келетін , "Рұқсаттар ж ә н е хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген лицензиялана тын қызмет түрінің кіші түрі	Ерекше талаптар санаты)	Құжаттың (берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі (алдын ала біліктілік іріктеп сатып алу үшін))
1.						

2) Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтерді электрондық платформа мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері (мемлекеттік ақпараттық жүйелермен автоматтандырылған деректер алмасу енгізілгенге дейін әлеуетті өнім беруші салық төлеушінің жеке кабинетінен өтінім берілген күнге дейін бір жұмыс күні бұрын қалыптастырылған мәліметтерді ұсыну жолымен салық берешегінің жоқтығын растайды) негізінде автоматты түрде айқындайды

3) Банкроттық немесе таратылу рәсімі туралы мәліметтер

4) Еңбек ресурстарына ие болуы бойынша талап (Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес бірінші немесе екінші санаттағы рұқсаттармен қамтамасыз етілмейтін, сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті тұйық цикл объектілеріне қатысты)

№ p/c	Тегі, аты, әкесінің аты	Жеке басын куәландыратын құжат	Растайтын құжаттарды қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада талап етілетін саладағы жұмыс өтілі	Құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, білімі туралы диплом, куәлік және басқа да құжаттар бойынша біліктілігі немесе мамандығы	Байланыс деректері
1.					

5) Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатын жұмыстарға ұқсас (бірдей) орындалған жұмыс тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер

№	Жұмыс атауы	Әлеуетті өнім берушінің құрылыс объектісі бойынша мәртебесі (бас мердігер, жобалаушы)	Құрылыс түрі (жаңаларды тұрғызу, реконструкциялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, қолданыстағы объектілерді (ғимараттарды, құрылысжайларды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) күрделі жөндеу	Ғимараттар мен құрылысжайлардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмен)	Объектілердің (техникалық күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылысжайлар және техникалық күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылысжайлар) техникалық күрделілігі

1.	Бас мердігер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:				
2.	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:				
1	2	3	4	5	6

Кестенің жалғасы

Функционалдық мақсаты (өндірістік ғимараттар, құрылысжайлар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	Орындалған жұмыстарға сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы	Құны (ҚҚС есепке алғанда)	Қуаты (тізбектік емес объектілер үшін)	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен қалыптастырылатын, "расталған" мәртебесі бар әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тізілімінен орындалған жұмыстар жөніндегі мәліметтердің нөмірі
--	---	--	---------------------------------	--	----------------------------------	---	---

							(тізілім жолына сілтеме)
7	8	9	10	11	12	13	14
Біліктілік туралы барлық мәліметтің дұрыстығын растаймын.							

6) Әлеуетті өнім берушінің жүктемесінің рұқсат етілген көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері, ЭКСЖ бойынша ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы, мемлекеттік сатып алу веб-порталы және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сатып алу (жұмыс, қызмет көрсету) нысанасына қатысты сатып алудың электрондық порталы (мемлекеттік ақпараттық жүйелермен автоматтандырылған деректер алмасу енгізілгенге дейін әлеуетті өнім беруші 2-2-қосымшаға сәйкес мәліметтермен жүктеменің рұқсат етілген көрсеткішін растайды) негізінде электрондық платформа автоматты түрде айқындайды.

3. Бағалық емес ұсыныстар

Өлшемшарттардың атауы	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын талаптар
Әлеуетті өнім берушіде жұмыс тәжірибесінің болуы	
Жергілікті қамту үлесі (%)	
Сапа кепілдігі: (жылдар)	
- тірек конструкцияларға	
- инженерлік желілерге	
- жабдыққа	
Энергия тиімділігі сыныбы	
Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы	
Объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, жобаны өз қаражаты есебінен іске асыру (тұйық цикл объектілеріне қолданылады)*	
Құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімдерден бұрын орындау, %	
Қаржыландыру шарттары:	
Аванстық төлемдерден бас тарту:	
- аванстан толық бас тарту	
- аванстан ішінара бас тарту, 10% аванс кезінде	
- аванстан ішінара бас тарту, 20% аванс кезінде	
Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғарылатылған) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың (ағымдағы жылды қоспағанда) алдындағы қатарынан	

соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтар үшін.	
--	--

* жоба өнім беруші есебінен қаржыландырылған жағдайда, объектіні одан әрі сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, өнім берушімен энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде "толық аяқталған" құрылыс туралы үлгілік шартқа 1-қосымшаға сәйкес объектіні сенімгерлік басқаруға беру шарттары туралы келісімге қосымша қол қойылады.

4. Баға ұсынысы

Әлеуетті өнім беруші ұсынған баға, ҚҚС есепке алмағанда	
Сатып алуға бөлінген сомадан төмендету, %	

5. Эскроу-шоттың болуы _____

Қол қою (ЭЦҚ): Барлық берілген мәліметтің дұрыстығын, конкурс шарттарымен және конкурстық құжаттаманың талаптарымен келісетінімді растаймын, сондай-ақ талап етілетін қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынуға міндеттенемін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТТН – төлеушінің тіркеу нөмірі;

Конкурстық құжаттамаға
2-1-қосымша

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурсқа қатысуға өтінім (әлеуетті өнім беруші толтырады)

Ескерту. Конкурстық құжаттама 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс № _____

Конкурс атауы _____

Тапсырыс берушінің атауы _____

1. Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

БСН/ЖСН/ ССН/ТТН _____

Заңдық мекенжайы _____

Нақты мекенжайы _____

Байланысатын адам (ТАӘ, телефон, e-mail)

2. Біліктілік талаптарына сәйкестігі:

1) Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайларда рұқсаттардың (хабарламаның) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы	Қызмет түрі	Ерекше талаптар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі (алдын ала біліктілік іріктеп сатып алу үшін)
1.					

2) Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы туралы, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтерді электрондық платформа мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері (мемлекеттік ақпараттық жүйелермен деректерді автоматтандырылған алмасу енгізілгенге дейін әлеуетті өнім беруші салық төлеушінің жеке кабинетінен өтінім берілген күнге дейін бір жұмыс күні бұрын қалыптастырылған мәліметтерді ұсыну жолымен салық берешегінің жоқтығын растайды) негізінде автоматты түрде айқындайды.

3) Банкроттық немесе таратылу рәсімі туралы мәліметтер _____

3. Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатын жұмыстарға ұқсас орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

№	Көрсетілетін қызмет атауы	Құрылыс объектісі бойынша әлеуетті өнім берушінің мәртебесі (орындаушы/бірлесіп орындаушы)	Құрылыс түрі (жаңаларды тұрғызу, реконструкциялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, қолданыстағы объектілерді (ғимараттарды, құрылысжайларды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) күрделі жөндеу	Ғимараттар мен құрылысжайлардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмен	Объектілердің (техникалық күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылысжайлар және техникалық күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылысжайлар) техникалық күрделілігі

1.	Әлеуетті өнім берушінің тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:				
2	Бірлесіп орындаушының тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер:				
1	2	3	4	5	6

Кестенің жалғасы

Функционалдық мақсаты (өндірістік ғимараттар, құрылысжайлар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	Орындалған жұмыстарға сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі	Қызмет көрсету орны (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы	Құны (ҚҚС есепке алғанда)	Қуаты (тізбектік емес объектілер үшін)	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алу саласындағы тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен қалыптастырылатын, "расталған" мәртебесі бар әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тізілімінен орындалған жұмыстар жөніндегі мәліметтердің нөмірі (тізілім жолына сілтеме)
--	---	---	---------------------------------	--	----------------------------------	---	--

7	8	9	10	11	12	13	14
Біліктілік туралы барлық мәліметтің дұрыстығын растаймын.							

4. Әлеуетті өнім берушінің жүктемесінің рұқсат етілген көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері, ЭКСЖ бойынша ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы, мемлекеттік сатып алу веб-порталы және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ сатып алу (жұмыс, қызмет көрсету) нысанасына қатысты сатып алудың электрондық порталы (мемлекеттік ақпараттық жүйелермен автоматтандырылған деректер алмасу енгізілгенге дейін (2026 жылғы 30 маусымға дейін) әлеуетті өнім беруші 2-2-қосымшаға сәйкес мәліметтермен жүктеменің рұқсат етілген көрсеткішін растайды) негізінде электрондық платформа автоматты түрде айқындайды.

5. Бағалық емес ұсыныстар

Өлшемшарттардың атауы	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын талаптар
Әлеуетті өнім берушіде жұмыс тәжірибесінің болуы	
Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы	
Қаржыландыру талаптары:	
- аванстан толық бас тарту	
- аванстан ішінара бас тарту, 10% мөлшердегі аванс кезінде	
- аванстан ішінара бас тарту, 20% мөлшердегі аванс кезінде	
Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғарылатылған) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың (ағымдағы жылды қоспағанда) алдындағы қатарынан соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтар үшін.	

6. Баға ұсынысы

Әлеуетті өнім беруші ұсынған баға, ҚҚС есепке алмағанда	
Сатып алуға бөлінген сомадан төмендету, %	

Қол қою (ЭЦҚ): Барлық берілген мәліметтің дұрыстығын, конкурс шарттарымен және конкурстық құжаттаманың талаптарымен келісетінімді растаймын, сондай-ақ талап етілетін қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынуға міндеттенемін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТТН – төлеушінің тіркеу нөмірі.

Конкурстық құжаттамаға
2-2-қосымша

Жүктеменің көрсеткішін есептеу үшін әлеуетті өнім берушінің мәліметтері

Ескерту. Конкурстық құжаттама 2-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс № _____

Конкурс атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

1. Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы қаржы жылы қолданыстағы міндеттемелері бойынша мәліметтер:

№	Міндеттемелер		
	Қолданыстағы шарттың жүйелік нөмірі	Ағымдағы қаржы жылы орындалуы тиіс қолданыстағы міндеттемелерінің сомасы	Қолданыстағы шартты көрсететін сілтеме
1			
2			
...			
Жиыны, қолданыстағы міндеттемелердің жалпы сомасы:			x

2. Әлеуетті өнім берушінің аяқталған үш қаржы жылы ішінде негізгі қызметінен түскен жылдық кірісінің мәліметтері:

№	Жылдық кіріс		
	Бірінші жылы	Екінші жылы	Үшінші жылы
1			

мұндағы:

Қолданыстағы міндеттемелердің жалпы сомасы – әлеуетті өнім берушінің қолданыстағы шарттар және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сатып алудың электрондық платформасында, мемлекеттік сатып алу веб-порталында және "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ электрондық сатып алу порталында орналастырылған қорытынды хаттамалар бойынша әлі шарттар жасалмаған, сатып алу (құрылыс-монтаждау жұмыстары немесе техникалық қадағалау) нысанасына жататын, ағымдағы қаржы жылы орындалуы тиіс міндеттемелерінің жиынтық сомасы, ол:

1) есеп айырысу күні және ағымдағы қаржы жылы орындалуы тиіс қолданыстағы және жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді;

2) алдыңғы кезеңдерден өткен және ағымдағы қаржы жылы орындалуы тиіс міндеттемелерді қамтиды.

Әлеуетті өнім берушінің ең көп жылдық табысы – аяқталған кезең бойынша салық декларациялары не мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы анықтама түрінде растайтын құжаттардың негізінде Біліктілік органы айқындайтын соңғы аяқталған 3 (үш) қаржы жылының біріндегі негізгі қызметтен түскен табыстың ең жоғарғы жылдық мәні.

* Мемлекеттік ақпараттық жүйелермен деректерді автоматтандырылған алмасу енгізілгенге дейін жүктеменің көрсеткішін есептеу әлеуетті өнім беруші конкурсқа өтінім құрамында ұсынған растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

* Аяқталған кезең бойынша салық декларациясы не мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы анықтама ұсынылмаған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің өтінімін біліктілік органы алдын ала біліктілік іріктеу сатысында сатып алуға қатысудан қайтаруы тиіс.

Қол қою (ЭЦҚ): Барлық мәліметтің дұрыстығын, конкурс шарттарымен келісетінімді және белгіленген қамтамасыз етуді талап етілетін мерзімде және нысанда ұсыну міндеттемесін растаймын. Өтінім бір рет берілетінін және түзетуге жатпайтынын түсінемін.

Конкурстық құжаттамаға
3-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің бенефициарлық меншік иелігі туралы ақпарат (әлеуетті өнім беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы: _____

Конкурс №: _____

Конкурстың атауы: _____

Потенциалды өнім берушінің БСН/ЖСН/ СТСН/ СТТН және атауы: _____

№	Бенефициарлық меншік иесінің ТАӘ (болған жағдайда)	Бенефициарлық меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаты (нөмірі, берілген күні, азаматтығы, тұратын елі)	Акциялардың 25% немесе одан көп бөлігін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену	Дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 25% немесе одан көбін тікелей немесе жанама иелену	Директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас басқарушы органның көптеген мүшелерін тағайындауға тікелей немесе жанама құқық	Бірде-бір бенефициарлық меншік иесі алдыңғы шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келмейді	Бенефициарлық меншік иесін анықтау мүмкін еместігі туралы ақпарат (құжат қоса беріледі)
			Иә/Жоқ	Иә/Жоқ	Иә/Жоқ	Иә	

Ескерту:

Бенефициарлық меншік иесі деп төмендегі бір немесе бірнеше шарттарға сәйкес, өнім берушінің акцияларына (жарғылық капиталдағы үлесіне) иелік ететін немесе оның қызметін бақылайтын жеке тұлға танылады:

тікелей немесе жанама түрде 25% және одан көп акцияларға (үлеске) иелік ету;

тікелей немесе жанама түрде 25% және одан көп дауыс беретін акцияларға (үлеске) иелік ету;

директорлар кеңесінің немесе оған балама басқару органының мүшелерінің көпшілігін тағайындауға құқығы болуы.

БСН – Бизнес сәйкестендіру нөмірі

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі

СНТН – Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі

ТТН – Төлеушінің тіркеу нөмірі

ТАӨ – Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Конкурстық құжаттамаға
4-қосымша

Жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар түрлері (қосалқы мердігердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен электрондық платформада куәландырылады)

Ескерту. Конкурстық құжаттама 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс № _____

Конкурс атауы _____

№	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) – заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т. А. Ә. (болған кезде)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) БСН (ЖСН) / ССН/ТТН, оның толық заңдық және пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың атауы	Техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың ақшалай мәндегі көлемі, теңге	Техникалық өзіндік ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың пайыздық мәндегі көлемі, %
Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы					
Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы					

Барлық қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша жиыны	Жүктеу
--	--------

Осымен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті

өнім берушінің қосалқы мердігері (лері) (бірлесіп орындаушысы (лары) сатып алуға қатысу шарттары туралы хабардар екенін білдіреді

және конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне

(бірлесіп орындаушыларына) қатысты көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) – заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т. А. Ә. (болған кезде)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) уәкілетті өкілінің Т. А. Ә. (болған кезде)	Электрондық Цифрлық қолтаңбасы
--	--	--------------------------------

Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі

Қағидалардың 53-тармағына

сәйкес орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін

қызметтердің жалпы көлемі жиынтығында елу пайыздан аспайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТТН – төлеушінің тіркеу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде).

Конкурстық құжаттамаға
4-1-қосымша

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде "толық аяқталған" құрылыс туралы шарт бойынша жұмыстарды орындау бойынша әлеуетті өнім берушінің келісімі (міндеттемелері)

Ескерту. 4-1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс №: _____

Конкурстың атауы: _____

Тапсырыс берушінің атауы: _____

Тапсырыс берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

Әлеуетті өнім берушінің атауы: _____

Әлеуетті өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

№	Атауы	Иә	Жоқ	Ескертпе
1	Жергілікті қамту үлесі (%)			
2	Сапа кепілдігі: (жылдар)			
-	- тірек конструкцияларға			
-	- инженерлік желілерге			
-	- жабдыққа			
3	Энергия тиімділігі сыныбы			
4	Аванстық төлемдерден бас тарту:			
	- аванстан толық бас тарту			
	- аванстан ішінара бас тарту, 10% мөлшеріндегі аванс кезінде			
	- аванстан ішінара бас тарту, 20% мөлшеріндегі аванс кезінде			
5	Объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, жобаны өз қаражаты есебінен іске асыру (тұйық цикл объектілеріне қолданылады)			
6	Құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын конкурстық құжаттамада			

	белгіленген мерзімдерден бұрын орындау			
--	--	--	--	--

Ескертпе:

Біздің конкурсқа қатысуға өтініміміз жеңімпаз деп танылған және бізбен шарт жасалған жағдайда, жоғарыда көрсетілген барлық талап пен міндеттемелерді орындау бойынша міндеттемені өзімізге қабылдаймыз.

Конкурстық
құжаттамаға
4-2-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді көрсетуге келісімі (міндеттемелер)

Ескерту. 4-2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Конкурс №: _____

Тапсырыс берушінің атауы: _____

Конкурстың атауы: _____

Тапсырыс берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Әлеуетті өнім берушінің атауы _____

Әлеуетті өнім берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

№	Атауы	Иә	Жок	Ескертпе
1	Әлеуетті өнім берушіде жұмыс тәжірибесінің болуы			
2	Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы			
3	Қаржыландыру көздері:			
-	- аванстан толық бас тарту			
-	- аванстан ішінара бас тарту, 10%			

	мөлшеріндегі аванс кезінде			
-	- аванстан ішінара бас тарту, 20% мөлшеріндегі аванс кезінде			
4	Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғарылатылған) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың (ағымдағы жылды қоспағанда) алдындағы қатарынан соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтар үшін.			

Ескертпе: Егер конкурсқа қатысуға өтініміміз жеңімпаз деп танылса және бізбен шарт жасалса, жоғарыда көрсетілген барлық шарт пен міндеттемелерді орындауға міндеттенеміз

Конкурстық
құжаттамаға
5-қосымша

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде "толық аяқталған" құрылыс бойынша сатып алынатын жұмыстардың техникалық өзіндік ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тапсырыс берушінің атауы: _____

Конкурс №: _____

Конкурстың атауы: _____

Бірыңғай номенклатуралық тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер анықтамалығының коды *	
Жұмыстың атауы *	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі) *	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бірлік үшін бағасы *	
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген жалпы сома *	
Жұмысты орындау мерзімі *	
Аванстық төлем мөлшері *	
Кепілдік мерзімі (айлармен): Тірек конструкциялар Инженерлік желілер Жабдық	
Жергілікті қамту үлесі	
Энергиялық тиімділік сыныбы	
Әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы деп танылған және онымен сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған жағдайда көрсетіледі): (Көрсетілмеген немесе ұсынылмаған мәліметтер үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	

* мәліметтер жобалар тізбесінен, оның ішінде шекті құн, объектінің қуаты қалыптастырылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескертпе: Осы техникалық өзіндік ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарды белгілеуге жол берілмейді.

Конкурстық құжаттамаға
6-қосымша

**Сатып алынатын қызметтердің техникалық сипаттамасы
(тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы: _____

Конкурс №: _____

Конкурстың атауы: _____

Бірыңғай номенклатуралық тауарлар, жұмыстар, қызметтер анықтамалығының коды	
Қызметтің атауы	
Өлшем бірлігі	
Саны (көлемі)	
ҚҚС-сыз бір бірліктің бағасы	
Сатып алуға бөлінген жалпы сома (ҚҚС-сыз)	
Қызмет көрсету мерзімі	

Алдын ала төлемнің мөлшері	
Талап етілетін сипаттамалар, параметрлер мен өзге де бастапқы мәліметтердің сипаттамасы:	
Ықтимал өнім беруші конкурс жеңімпазы деп танылған және онымен сатып алу шарты жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған жағдайда көрсетіледі): (Көрсетілмеген немесе ұсынылмаған мәліметтер бойынша ықтимал өнім берушінің бас тартуына жол берілмейді)	

* мәліметтер Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар тізбесінің деректері негізінде құрылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескерту:

1. Әрбір сипаттамалар, параметрлер, бастапқы деректер және Орындаушыға қосымша шарттар жеке жолмен көрсетіледі.

2. Техникалық сипаттамада ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

3. Осы Қағидалардың талаптарын қоспағанда, өзге құжаттарда техникалық сипаттама талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Конкурстық құжаттамаға

7-қосымша

Бірлескен қызмет туралы үлгілік шарт

(үлгілік консорциалдық келісім)

" " _____ 20__ жыл

_____,

(заңды тұлғаның атауы, БСН, заңды мекенжайы)

бұдан әрі – "Негізгі қатысушы" деп аталады,

өкілдігі _____,

әрекет ететін _____,

(лауазымы, толық аты-жөні (бар болса), ЖСН) (жарғы, куәлік)

_____,
бұдан әрі – "2-Қатысушы" деп аталады, (заңды тұлғаның атауы, БСН, заңды мекенжайы)

атынан _____, негізінде _____ әрекет ететін _____,

(лауазымы, толық аты-жөні (бар болса), ЖСН) (жарғы, куәлік) _____,

бұдан әрі – "3-Қатысушы" деп аталады, (заңды тұлғаның атауы, БСН, заңды мекенжайы)

атынан _____, негізінде _____ әрекет ететін _____,

(лауазымы, толық аты-жөні (бар болса), ЖСН) (жарғы, куәлік) бірлесіп

"Қатысушылар" деп аталады, осы Консорциалдық келісімді (бұдан әрі – Келісім)

келесі шарттарда жасады:

1. Терминдер, олардың анықтамалары мен түсіндірмелері

1.1. Қатысушылар осы Келісімде көрсетілген терминдер мен ұғымдардың келесі бір мағыналы түсіндірмесімен келісті:

"Тапсырыс беруші" - (тапсырыс берушінің атауы).

"Конкурс" - (конкурстың нөмірі мен атауы).

"Консорциум" – осы Келісім негізінде қатысушылардың уақытша ерікті тең құқықты одағы (бірлестігі), онда қатысушылар белгілі бір ресурстарды біріктіреді және жобаны табысты іске асыруды шешу үшін күш-жігерді үйлестіреді;

"Сатып алу туралы шарт" – Тапсырыс берушімен байқау қорытындысы бойынша жасалатын сатып алу туралы шарты;

"Жоба" - (нөмірі және атауы).

"Жобаны жүзеге асыру" – консорциумның Сатып алу туралы шарты бойынша міндеттемелерін орындауы;

"Құпия ақпарат" – қатысушылар туралы, оның ішінде олардың қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты, құрылтайшылар, еншілес компаниялар, қызметкерлер мен агенттер туралы ақпаратты, қатысушылардың контрагенттері туралы ақпаратты, жарамды немесе әлеуетті ақпараты бар өзге де ақпаратты қамтитын немесе өзге де түрде көрсететін құжаттарды қоса алғанда, кез келген ғылыми-техникалық, технологиялық, шаруашылық, қаржы-экономикалық немесе өзге де ақпарат мұндай ақпарат "құпия" деп белгіленгеніне қарамастан, оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты коммерциялық құндылық.

Ескерту. 1-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.2. Келісімнің осы тармағында тікелей көрсетілмеген ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

2. Келісімнің мәні

2.1. Осы Келісімге қатысушылар конкурсқа қатысу мақсаты болып табылатын консорциумды құрады және Консорциум конкурстың жеңімпазы деп танылған және кейіннен сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда – жобаны табысты іске асыру болады.

2.2. Осы Келісім жеткілікті тәжірибесі, материалдық және техникалық әлеуеті, еңбек ресурстары, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге, тауарларды жеткізуге өкілеттіктері мен рұқсаттары және конкурс шарттарында көзделген өзге де міндеттемелері бар қатысушылардың ерікті бірлестігі болып табылады.

2.3. Қатысушылар осы Келісімді консорциум қызметінің жалпы мақсаттарына және коммерциялық мүдделерге сүйене отырып, ынтымақтастық қағидаттарына негізделе отырып жасайды.

3. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Қатысушылар міндетті:

3.1.1. Осы Келісімді орындау кезінде адал ниетпен өзара әрекеттесу.

3.1.2. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес Консорциум қызметіне қатысу.

3.1.3. Осы Келісімде белгіленген тәртіппен үлестер енгізу.

3.1.4. Консорциумның және әрбір қатысушының атап айтқанда, құпия ақпаратын жарияламау.

3.2. Қатысушылар құқылы:

3.2.1. Осы Келісімде белгіленген тәртіппен Консорциум істерін басқаруға қатысу.

3.2.2. Консорциум қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Консорциум істерін жүргізу жөніндегі кез келген құжаттамамен танысу.

3.2.3. Консорциум қызметінен түскен пайданы бөлуге қатысу.

3.2.4. Барлық қатысушылардың ортақ келісімі болған жағдайда ортақ мүлікті пайдалану.

4. Қатысушылардың үлестері

4.1. Негізгі Қатысушының үлесі:

4.1.1. _____

4.1.2. _____

4.1.3. _____

4.2. "2-Қатысушының" үлесі:

4.2.1. _____

4.2.2. _____

4.2.3. _____

4.3. "3-Қатысушының" үлесі:

4.3.1. _____

4.3.2. _____

4.3.3. _____

4.4. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, сондай-ақ Консорциум жеңімпаз деп танылған жағдайда және онымен Шарт жасалған кезде, Сатып алу туралы Шарттың орындалуын қамтамасыз ету және (немесе) Заңның 13-бабына сәйкес сома (бар болған жағдайда) Негізгі қатысушы тарапынан енгізіледі.

5. Басқару тәртібі

5.1. Қатысушылардың жалпы істерін жүргізу, Конкурсқа қатысуға өтінім беру және Консорциум қызметіне байланысты өзге де іс-әрекеттер Негізгі қатысушылар арқылы, қосымшаға сәйкес нысан бойынша Консорциум қатысушыларының сенімхаттары негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Консорциум Конкурста жеңімпаз деп танылған жағдайда, Сатып алу туралы Шарт Негізгі қатысушымен жасалады.

5.3. Консорциум жеңімпаз деп танылып, онымен Сатып алу туралы Шарт жасалған жағдайда, осы Келісім аталған Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Қатысушылардың жауапкершілігі

6.1. Сатып алу туралы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау, сондай-ақ біліктілік талаптарына және (немесе) конкурсқа баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты жалған ақпарат беру үшін Учаскерлер ортақ (солидарлық) жауапкершілікке тартылады.

6.2. Осы Келісім шеңберінде Консорциум қызметіне байланысты емес қатысушының жеке міндеттемелері бойынша басқа қатысушылар жауапты болмайды.

7. Дауларды шешу

7.1. Осы Келісімнің шарттарын орындау барысында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді қатысушылар келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

7.2. Келіссөздер арқылы реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

8. Келісімнің әрекет ету мерзімі

8.1. Осы Келісім барлық Қатысушылар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

8.2. Егер Консорциум Конкурстың жеңімпазы деп танылмаса, Келісім Сатып алу туралы Шарт жасалғанға дейін қолданылады.

8.3. Консорциум Конкурстың жеңімпазы деп танылып, онымен Сатып алу туралы Шарт жасалған жағдайда, Келісім Сатып алу туралы Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

9. Өзге шарттар

9.1. Осы Келісім консорциум қатысушыларының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылған электрондық сатып алу платформасы арқылы ресімделді және жасалды.

9.2. Осы Келісім _____ тілінде құрастырылған.

9.3. Осы Келісіммен реттелмеген барлық басқа жағдайларда қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10. Қатысушылардың реквизиттері және қолдары

"Негізгі Қатысушы"

Толық атауы

Толық заңды мекенжайы

БСН, банктік реквизиттер

Телефон Лауазымы, толық аты-жөні
(бар болған кезде)

"2-Қатысушы" Толық атауы

Толық заңды мекенжайы

БСН, банктік реквизиттер

Телефон Лауазымы, толық аты-жөні
(бар болған кезде)

"3-Қатысушы"

Толық атауы

Толық заңды мекенжайы

БСН, банктік реквизиттер

Телефон

Лауазымы, толық аты-жөні
(бар болған кезде)

Қысқартулардың толық жазылуы:

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Толық аты-жөні – фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса).

Бірлескен қызмет туралы шартқа
(консорциумдық келісімге)
қосымша

Сенімхат

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы" __ " _____ (күні)

Осы сенімхатпен _____ атынан

(консорциум қатысушысы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты)

_____ атынан _____ мүдделерін білдіруді

_____ (Негізгі қатысушы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ сеніп тапсырады.

(консорциум қатысушысы)

(тапсырыс берушінің атауы)

Сол үшін өтінім беруге және Сатып алу туралы шарт жасауға құқық береді.

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы _____

Сенімхат № _____

_____ (конкурстың нөмірі мен атауы)

конкурс бойынша Консорциалдық келісім қолданылатын мерзімге берілді.

Осы сенімхатты мен _____

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

сатып алудың электрондық платформасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен куәландырдым.

(Қатысушы) Басшының қолы

Конкурстық құжаттамаға
8 қосымша
нысан

Банк кепілдігі

Банк атауы _____

Банк реквизиттері _____

Кімге _____

Тапсырыс берушінің атауы _____

Тапсырыс берушінің реквизиттері _____

Кепілдік міндеттемесі № _____

Қала (орналасқан жері) _____

Бізге _____ туралы хабарланды

(ықтимал өнім берушінің атауы), бұдан әрі – "Өнім беруші", ол мынадай сатып алу конкурсына қатысады:

Конкурстың атауы _____

Конкурстың № _____

_____, ұйымдастырушы _____

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

және жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге дайын)

(Тапсырыс берушінің атауы).

" ____ " _____ ж. конкурс құжаттамасында жоғарыда көрсетілген конкурсты өткізуге ықтимал өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімін қамтамасыз етуі ретінде банктік кепілдік енгізу көзделген.

Осыған байланысты біз _____

(банктің атауы)

осы арқылы Сізге Сіздің талабыңыз бойынша тең келетін сомаға

(сома цифрмен және жазбаша түрде)

төлем жасауға қайтарып алынбайтын міндеттемені өз мойнымызға аламыз, ол үшін Сіздің төлем жасау туралы жазбаша талабыңызды және Конкурстың жеңімпазы болып танылған Өнім берушінің:

сатып алу шартына қол қоюдан жалтарғанын;

сатып алу шартына қол қойып, оны орындамағанын немесе тиісінше орындамағанын, оның ішінде шартта көзделген талаптарға сәйкес орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдерін бұзғанын, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес соманы (бар болған жағдайда) жазбаша түрде растағаныңызды алғаннан кейін.

Осы кепілдік міндеттемесі конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттемесі Сіздің жазбаша талабыңыз бізге (белгілі бір мерзім) _____ соңына дейін келіп түспесе, бұл құжат бізге қайтарылғанына, қайтарылмағанына қарамастан Өнім берушінің конкурсқа қатысуға берген өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады және толық әрі автоматты түрде тоқтатылады.

Егер конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылса, онда осы кепілдік міндеттемесі де сол мерзімге ұзартылған болып саналады.

Осы кепілдік міндеттемесіне байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепіл берушінің қолы мен мөрі

Күні мен мекенжайы

Энергетикалық және коммуналдық
секторларды жаңғырту
жөніндегі
ұлттық жобаны іске асыру
шеңберінде
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерді
сатып алуды жүзеге асыру,
жобалар мен өнім берушілерді
іріктеу,
шарттар жасасу қағидаларына
2-қосымша

**Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала
талқылау хаттамасы**

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды -
ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а.
05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сатып алу № _____

Сатып алу атауы _____

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді,
сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін

түсіндіру туралы сұрау салуды қабылдау мерзімі ____
бастап ____ аралығында

Тапсырыс берушінің атауы ____

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертуді(лер)
, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін
түсіндіру туралы сұрау салуды(лар) жіберген
әлеуетті өнім беруші(лер), олар бойынша мынадай
шешім(дер) қабылданды:

№	Әлеуетті өнім берушінің БСН (ЖСН) / ССН/ТТН	Өтініш типі (ескертуді түсіндіру туралы сұрау)	Өтініш мәтіні	Ескертуді түсіндіру туралы сұрау салуды жіберу күні мен уақыты	Шешім қабылданды	Қабылдамау себебі, түсіндіру мәтіні
Бірінші басшы не оның міндеттерін атқаратын адам		Ф.И.О. (при его наличии) подпись				

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТТН – төлеушінің тіркеу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде).

Энергетикалық және
коммуналдық
секторларды жаңғырту
жөніндегі
ұлттық жобаны іске асыру
шеңберінде
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерді
сатып алуды жүзеге асыру,
жобалар
мен өнім берушілерді іріктеу,
шарттар жасасу қағидаларына
3-қосымша

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша алдын ала біліктілік іріктеу хаттамасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сатып алу атауы: _____

Сатып алу нөмірі: _____

Сатып алу тәсілі: _____

Күні мен уақыты: _____

Тапсырыс беруші: _____

Біліктілік органының құрамы _____

№	Т.А.Ә., лауазымы	Ұйымы	Біліктілік органындағы рөлі
---	------------------	-------	-----------------------------

Бақылаушылар құрамы

№	Т.А.Ә., лауазымы	Ұйымы
---	------------------	-------

1. Сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі

№	Лот №	Лот атауы	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
---	-------	-----------	------	---------------------------	-------------------------------------

2. Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер туралы мәліметтер:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Өтінімді ұсыну күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	--------------------	---

3. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде мынадай құжаттар сұратылды (сұрау салу жүзеге асырылған жағдайда толтырылады):

№	Сұрау салу жіберілген ұйымның/тұлғаның атауы	Сұрау салу жіберілген күн	Сұрау салудың қысқаша сипаттамасы	Сұрау салуға жауап ұсынылған күн
---	--	---------------------------	-----------------------------------	----------------------------------

4. Біліктілік органының дауыс беру нәтижесі:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілердің тізбесі), БСН (ЖСН)/ ССН/ ТТН	Біліктілік органының мүшесінің Т.А.Ә.	Біліктілік органының мүшесінің шешімі	Қабылдамау себебі (біліктілік талаптарына сәйкессіздік, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздік)	Мәліметтер мен құжаттардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздігін растайтынын көрсете отырып, қабылдамау себептерінің толық сипаттамасы
---	---	---------------------------------------	---------------------------------------	---	---

5. Конкурсқа қатысуға қабылданбаған өтінімдер:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Қабылдамау себебі (біліктілік талаптарына сәйкессіздік, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздік)
---	-------------------------------	--------------------	---

8 Мына өтінімдерге конкурсқа қатысуға рұқсат берілді:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Жүктеменің рұқсат етілген көрсеткіші
---	-------------------------------	--------------------	--------------------------------------

9. Бақылаушылардың ескертулері мен ұсыныстары (болған кезде, біліктілік органының уәжді ұстанымымен)

Энергетикалық және

коммуналдық
секторларды жаңғырту
жөніндегі ұлттық
жобаны іске асыру шеңберінде
жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерді
сатып алуды жүзеге асыру,
жобалар мен өнім берушілерді
іріктеу, шарттар жасасу
қағидаларына
4-қосымша

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындысы туралы хаттама

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сатып алу атауы: _____

Сатып алу нөмірі: _____

Сатып алу тәсілі: _____

Күні мен уақыты: _____

Тапсырыс беруші: _____

1. Біліктілік органының құрамы

№	Т.А.Ә, лауазымы	Ұйымы	Біліктілік органындағы рөлі
---	-----------------	-------	-----------------------------

2. Бақылаушылар құрамы

№	Т.А.Ә, лауазымы	Ұйымы
---	-----------------	-------

3. Сатып алынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі

№	Лот №	Лот атауы	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
---	-------	-----------	------	---------------------------	-------------------------------------

4. Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер туралы мәліметтер:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Өтінімді ұсыну күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	--------------------	---

5. Конкурсқа қатысуға қабылданбаған өтінімдер:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Қабылдамау себебі (біліктілік талаптарына сәйкессіздік, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздік)
---	-------------------------------	--------------------	---

6. Мына өтінімдерге конкурсқа қатысуға рұқсат берілді:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ ТТН	Жүктеменің рұқсат етілген көрсеткіші
---	-------------------------------	---------------------	--------------------------------------

7. Әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстары:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ССН/ТТН	Әлеуетті өнім берушінің ұсынған бағасы (баға өлшемшарты бойынша балдары)	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы	Жергілікті қамту үлесін қамтамыз ету, %	Сапа кепілдігі			Энергия тиімділігі сыныбы	Әлеуетті өнім берушінің облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны бойынша болуы
						тірек конструкцияларына	инженерлік желілерге	жабдыққа		

кестенің жалғасы:

Аванстан бас тарту			Объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, жобаны өз қаражаты есебінен іске асыру (тұйық	Құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын конкурстық құжаттамада белгіленген	Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғарылатылған) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың (ағымдағы
аванстан толық бастарту	аванстан ішінара бас тарту, 20%	аванстан ішінара бас тарту, 10%			

	мөлшердегі аванс кезінде	мөлшердегі аванс кезінде	ц и к л объектілеріне қолданылады)	мерзімдерден бұрын орындау міндеттемесі	ж ы л д ы қоспағанда) алдындағы қатарынан соңғы 3 (үш) жыл ішінде ә р б і р күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион т е ң г е мөлшерінде төленген салықтар үшін.
--	-----------------------------	-----------------------------	--	---	---

8. Конкурсқа қатысуға ұсынылған барлық өтінімге өлшемшарттарды қолдану нәтижесі туралы ақпарат:

№	Өлеуетті өнім берушін ің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ ТТН	Өлеуетті өнім берушін ің ұсынған бағасы (баға өлшемш ар ты бойынш а балдары)	Өлеуетті өнім берушін ің жұмыс тәжіриб е сінің болуы	Жергілі кті қамту үлесін қамтама сыз ету, %	Сапа кепілдігі			Энергия тиімді лігі сыныбы	Өлеуетті өнім берушін ің облысты ң , республ ика лық маңызы б а р қалалар дың және астанан ың шекарал ар ында тиісті әкімшілі к - аумақты қ бірлікте жұмыст арды орындау , қызметт е р көрсету орны бойынш а болуы
						тірек конс трукция ларына	инженер лік желілерг е	жабдық қа		

кестенің жалғасы:

Аванстан бас тарту					Техникалық және (	

аванстан толық бастарту	аванстан ішінара бас тарту, 20% мөлшердегі аванс кезінде	аванстан ішінара бас тарту, 10% мөлшердегі аванс кезінде	Объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдай отырып, конкурстық құжаттама талаптарым енжобаны өз қаражаты есебінен іске асыру (қарауы бойынша)	Құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарын конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімдерден бұрын орындау бойынша міндеттемесі	немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жататын бірінші (жоғарылатылған) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер үшін конкурсқа қатысу үшін өтінім берілген жылдың (ағымдағы жылды қоспағанда) алдындағы қатарынан соңғы 3 (үш) жыл ішінде әрбір күнтізбелік жыл үшін кемінде үш жүз миллион теңге мөлшерінде төленген салықтар үшін.	Балдардың жалпы саны
-------------------------	--	--	--	---	---	----------------------

9. Әлеуетті өнім берушілердің балын есептеу:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТТН	Бөлінген сома	Балдардың жиынтық саны	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіші	Өтінім беру күні мен уақыты
---	-------------------------------	--------------------	---------------	------------------------	--------------------------------	-----------------------------

Конкурстық комиссияның шешімі:

№ _____ сатып алу бойынша жеңімпазды анықтау:

				Бенефициарлық иенің жеке	Тікелей немесе жанама	Тікелей немесе жанама түрде	Тікелей немесе жанама түрде директор		
--	--	--	--	--------------------------	-----------------------	-----------------------------	--------------------------------------	--	--

№	Жеңімпаз және екінші орын иеленген әлеуетті өнім берушінің атауы	Жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН	Бенефициарлық иенің Т.А.Ә (бар болған жағдайда)	басын куәландыратын (құжат (құжаттың нөмірін және берілген күнін, азаматтығын, тұрғылықты елін көрсету)	түрде акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) 25 % және одан астамына иелік ету	дауыс беретін (акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) 25 % және одан астамына иелік ету	лар кеңесінің немесе ұқсас басқарушы органның мүшелерінің көпшілігінің тағайындау құқығы	Ешбір бенефициарлық ие алдыңғы шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келмейді	Бенефициарлық иесін айқындау мүмкін еместігі туралы ақпарат (құжат қоса беріледі)
					Иә/жоқ	Иә/жоқ	Иә/жоқ	Иә	

Жеңімпаз және екінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші:

№	Жеңімпаздың және екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН/ЖСН
---	---	---------

2. Тапсырыс берушіге (тапсырыс берушінің атауы) Заңда белгіленген мерзімде (БСН/ЖСН жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің атауы) сатып алу туралы шарт жасасу.

Не:

_____ сатып алуды (сатып алудың атауы) _____
_____ байланысты өткізілмеген деп тану:

Ескертпе:

* Келесі мәндердің бірі: "ұсынылған өтінімдердің болмауы"; "конкурса қатысуға ешбір әлеуетті өнім берушіге рұқсат берілмеді"

Не

Сатып алудың күшін жою жүргізілді, оның негізі: _____ ж. № _____ Уәкілетті органдардың актілері (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім)

Күшін жою туралы шешім қабылдаған орган: (_____).

Не:

Осы Қағидаларға сәйкес сатып алудан бас тарту жүргізілді.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТТН – төлеушінің тіркеу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде).

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып

Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде "толық бітіріп берілетін" құрылысқа үлгілік шарт

Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде "толық бітіріп берілетін" құрылысқа үлгілік шарт "Идентификациялық нөмір" _____ "Тапсырыс берушінің өңірі" _____ № "шарт нөмірі" _____ "шарт күні" _____ "Тапсырыс берушінің толық атауы", бұдан әрі – "Тапсырыс беруші", оның атынан әрекет ететін "лауазымы" "Т.А.Ә. (болған жағдайда)" , "негізі" бойынша әрекет ететін, бір жағынан, және "Мердігердің толық атауы", бұдан әрі – "Мердігер", оның атынан әрекет ететін "лауазымы" "Т.А.Ә. (болған жағдайда)", "негізі" бойынша әрекет ететін, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп – "Тараптар", Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң) және "сатып алу тәсілі" тәсілімен өткізілген сатып алудың "қорытынды күні" күнгі № "қорытынды нөмірі" қорытындыларына сәйкес осы "толық бітіріп берілетін" құрылысқа сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді

1. 1. Ұғымдар мен анықтамалар

1.1. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсінікке ие:

1) бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шарт бойынша оның қарсы тарапы болып табылатын заңды тұлға, сондай-ақ консорциум;

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындау үшін Мердігермен шарт және (немесе) келісім жасасқан тұлға немесе ұйым;

3) нысан – сатып алулардың ұйымдастырушысы құрылысқа, реконструкциялауға жататын деп айқындаған, Мердігер тарапынан Тапсырыс берушіге Шартта көзделген түрінде берілетін ғимарат, құрылыс;

4) учаске – Нысанды салуға немесе жұмыстарды орындауға бөлінген аумақ;

5) уақытша құрылыстар – Нысанды салу мен жөндеуге қажетті, Мердігер тұрғызатын, орнататын және Нысан құрылысы аяқталған соң алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстар.

6) жобалау-ізвестіру жұмыстарының басталу күні – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген тиісті бастапқы деректерді Тапсырыс беруші Орындаушыға берген күн жобалау-ізвестіру жұмыстарының басталған күні болып есептеледі;

7) құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталған күні – құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталған күні сәулет, қала құрылысы және құрылыс органдарынан Тапсырыс беруші алған құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны алған күн болып есептеледі.

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шартқа қоса берілген және оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларда көрсетілген шарттар, талаптар және бағаларға сәйкес жұмыс (жұмыстарды) орындауға (бұдан әрі – Жұмыс) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауы жағдайында орындалған Жұмысты қабылдап алуға және осы Шартта көзделген шарттармен ақы төлеуге міндеттенеді:

"Специфика коды" специфика бойынша – "Специфика 1 бойынша Шарттың мәнінің қысқаша сипаттамасы".

2.2. Егер конкурстық өтінімде жеңімпаз объектіні өз қаражаты есебінен іске асыруды, кейін объектіні сенімгерлік басқаруға қабылдауды көздесе, осы Шарт объектіні сенімгерлік басқару нысанында пайдалануға міндеттемені қамтиды.

Сенімгерлік басқару шарты – сатып алу шартының ажырамас бөлігі болып табылады және ол типтік нысан бойынша жасалады, онда тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (KPI), инвестицияларды қайтару тәртібі, оларды кезең-кезеңімен өтеу механизмі, шығындарды өтеу нысандары мен мерзімдері белгіленеді және табиғи монополияларды реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісілген болады.

2.3. Төменде көрсетілген құжаттар және олардағы шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) жобалау тапсырмасы;
- 3) жұмыстарды орындау шарттары;
- 4) техникалық сипаттама;
- 5) консорциуммен Шарт жасалған жағдайда консорциумдық келісім;

6) "толық аяқталған" бойынша құрылыс шарты бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі әлеуетті Өнім берушінің келісімі (міндеттемелері).

2.4. Орындалған жұмыстардың көлемі Тараптардың өкілдері қол қойған орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісімен расталады.

2.5. Жұмыстар Мердігердің қаражаты есебінен: материалдарымен, күшімен және құралдарымен, сондай-ақ тәуекелімен орындалады, егер Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе.

2.6. Мердігер көрсетілген Жұмысты орындауға арнайы дағдыларға және құқық қабілеттілікке ие болуы тиіс. Мердігер өз есебінен қажетті барлық рұқсат құжаттарын, соның ішінде лицензияларды, сертификаттарды және басқа да мемлекеттік және өзге

органдардан алынатын рұқсаттарды алуға және олардың толық күшінде болуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұған, бірақ онымен шектелмей: қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат, кіру визалары, тұруға рұқсат, шетелдік персоналға жұмысқа рұқсат кіреді.

2.7. Мердігер жоғарыда көрсетілген жұмыстарды осы Шарттың шарттарына сәйкес орындауға, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдап алуға және Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауы жағдайында ақы төлеуге міндеттенеді.

2.8. Осы Шартқа қол қою арқылы Мердігер мынаған кепілдік береді:

1) ол заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;

2) осы Шартқа қол қоюға кедергі жасайтын қандай да бір шектеулер, тыйымдар жоқ ;

3) осы Шартқа қол қоюдың алдында өз кәсіпкерлік тәуекелдерінің барлығын бағалады және айқындады.

Мердігердің алдын ала жобалау, жобалау жұмыстары бойынша сатып алу шарттарының жобаларында алдын ала жобалау және (немесе) жобалау (жобалық-сметалық) құжаттамада уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын және индустрияны мемлекеттік қолдау мен индустриялық дамуды жүзеге асыру саласында пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және олардың мердігерлерінің деректер базасына (бар болған жағдайда) енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды көрсету талаптары қамтылуы тиіс

3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы конкурстық рәсімдер қорытындыларының хаттамасына сәйкес айқындалады және "шарт сомасы" (сома жазбаша) теңгені құрайды және Жұмысты (Жұмыстарды) орындауға байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды , "оның ішінде ҚҚС "ҚҚС сомасы теңге/ҚҚС-сыз" қамтиды (бұдан әрі-шарт сомасы).

3.2. Алып тасталды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3.3. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін, Мердігер аванстан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде аванстық төлем жүргізеді, егер аванстық төлем көзделмеген жағдайларды қоспағанда

Аванстық төлем (алдын ала төлем) _____% (_____ Шарттың жалпы сомасының пайызы) Мердігер авансты (алдын ала төлемді) және төлем шотын қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген аванстық төлем (

алдын ала төлем) жүзеге асырылмаған жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі.

Аралық төлемдерді Тапсырыс беруші ақшалай қаражатты мердігердің "төлем шарты" есеп шотына аудару жолымен Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстар актілеріне тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып төлейді Мердігер аванстан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, бұрын төленген авансты, сондай-ақ шарт сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде, "сома" мөлшерінде кепілдік жарнаны ұстап қалуды қамтиды.

Орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Мердігердің "төлем шарты" есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

Бір қаржы жылы шеңберінде жұмыстар орындалған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар аяқталғаннан және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде шарт сомасының қалған 5 (бес) пайызын "сома" мөлшерінде төлейді.

Егер Жұмыстардың орындалу мерзімі бір қаржылық жылдан асатын болса, Тапсырыс беруші Шарт сомасының "сома" мөлшеріндегі қалған 5 (бес) пайызын Мердігерге жұмыстар толық аяқталғаннан және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін, құрылыс аяқталатын соңғы жылы, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.

3.4. Орындалатын жұмыс көлемі.

3.5. Төлемнің алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) Ф-2В нысаны бойынша Орындалған жұмыстар актілері;
- 3) КС-3 нысаны бойынша Орындалған құрылыс жұмыстарының құны және шығындар туралы анықтамалар;
- 4) Уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде ЭЦҚ-мен қалыптастырылып қол қойылған Орындалған жұмыстар актілері;
- 5) Жұмыстар мен қызметтердегі елішілік (ішкі ел) құндылық туралы есеп;
- 6) Мердігер ұсынған электрондық шот-фактура (орындалған жұмыстардың жалпы сомасы көрсетілген).

Қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші дәлелді хат жолдайды және актілердегі кемшіліктерді көрсетеді; кемшіліктер жойылғанға дейін актілерге қол қойылмайды.

Ескерту. 3.5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, жобалар мен өнім берушілерді іріктеу, энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде шарттар жасасу Қағидаларында белгіленген Өнім беруші таңдаған өлшемшарттардың толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он (10) жұмыс күні ішінде Шартты орындауды қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасының үш (3) пайызы мөлшерінде, теңге, сондай-ақ авансты қайтаруды қамтамасыз етуді (Шарттың пәндері бойынша көзделген аванс мөлшерінде) теңге енгізуге; барлығы () теңге мөлшерінде, мынадай нысандардың бірінде:

Өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

немесе:

осы Қағидаларға нысан бойынша ұсынылатын банк кепілдігі;

немесе:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша мердігердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

3) шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде конкурстық рәсімдер шеңберінде алынған міндеттемелерді ескере отырып, орындалатын жұмыстардың талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың мердігерлерінің деректер базасына (болған жағдайда) енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын пайдалану.

5) Шарт талаптарын орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық

құжаттаманың мазмұнын Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз ашпауы тиіс. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада берілуі тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша не электрондық келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатында қоспағанда, жоғарыда аталған қандай да бір құжаттар мен ақпаратты пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша, оның ішінде сатып алудың электрондық платформасы арқылы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

8) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауы және (немесе) өзге де заңсыз әрекеттері салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық көлемде өтеуге. Мердігердің Шарттың елеулі талаптарын тиісінше орындамау фактісі және осының салдарынан келтірілген залал заңды күшіне енген тиісті сот актісімен, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерімен расталады.;

9) сатып алудың электрондық платформасы арқылы Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған орындалған жұмыстардың электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген актісін, сондай-ақ жұмыстардағы елішілік құндылық туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші бекіткеннен кейін, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылып, қол қойылған орындалған жұмыстар актісіне сәйкес, электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактура жазып беру қажет. Бұл рәсім электрондық шот-фактураларды ақпараттық жүйеде электрондық нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

11) Шартқа қол қойылған және жобалауға техникалық тапсырма берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жобалау-іздігіру жұмыстарының кестесін бекітуге ұсынуға;

12) Тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттаманы бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру кестесін әзірлеуге және Тапсырыс берушіге бекітуге ұсынуға;

13) жобалық-сметалық құжаттама бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Шартқа 1-қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес ұйымдық-технологиялық құжаттаманы және жұмыс күшінің қозғалысы кестесін әзірлеуге міндетті.

14) Шарт күшіне енген күннен бастап бес (5) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707

бұйрығына сәйкес шарттық бағалар каталогы негізінде Мердігердің орындалатын жұмыстарға арналған сметасын (офертасын) (қажет болған жағдайда) Тапсырыс берушіге ұсынуға

15) электрондық сатып алу платформасында берілген коммерциялық ұсыныстар негізінде қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген қазақстандық тауар өндірушілерден, сондай-ақ сатып алынатын тауарлар үшін жаңа өндіріс орындарын құру жобасын іске асырушыдан жұмысты орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етеді.

Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау ретінде Мердігер тараптар Жұмыстардың соңғы Актісіне қол қойғанға дейін: сатып алынатын тауарлардың өндірушісімен (өндірушілерімен) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін, не сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру Жобасын іске асыратын ұйыммен оффтейк шарттың көшірмесін, сондай-ақ тауарларды қабылдап-беру актілерін ұсынады. Көрсетілген міндеттеме, егер жүргізілген (жүргізілетін) сатып алулардың және (немесе) Шарттың талаптарында Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерге беруге жол берілсе, қосалқы мердігерге де қолданылады.

Тауарларды сатып алу өнеркәсіпті ынталандыру жөніндегі уәкілетті орган әзірлеген және бекітетін энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Қазақстандық тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу және оффтейк шарттар жасасу қағидаларымен реттеледі.

16) алдын ала жобалау және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың мердігерлері деректер базасына (болған жағдайда) енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды көрсету.

Осы тармақ алдын ала жобалау және жобалау жұмыстары сатып алынған кезде қолданылады.

17) орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен, сондай-ақ Жұмыстардағы елішілік құндылық туралы есепті Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

18) Шарт талаптарына сәйкес жұмыстарда Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

19) Объектінің пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету, оның ішінде қызмет ету мерзімін, энергия тиімділігін, жергілікті қамту үлесін, сапа кепілдігін, сондай-ақ Мердігерді іріктеу конкурсы шеңберінде Мердігердің көрсеткіштерді жақсартуға қатысты ұсыныстарын, конкурс құжаттамасында және жобалық-сметалық құжаттамада көзделген талаптарды ескере отырып, есептермен, сертификаттармен және сынақ нәтижелерімен растай отырып, конкурс құжаттамасында Өнім берушімен конкурс рәсімдерінен өту кезінде белгіленген критерийлер мен шарттарға сәйкес орындау.

20) өз күшімен және өз тәуекелімен Жұмыстарды орындау үшін қажетті рұқсат беру сипатындағы кез келген келісімдерді, рұқсаттарды және өзге де құжаттарды алуға міндетті.

21) Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты барлық нұсқаулары мен сұрау салуларын орындауға міндетті;

22) Жұмыстарды орындау процесінде Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектілерінде өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды және өзге де актілерді қабылдау-беру актісі бойынша Тапсырыс беруші Мердігерге берген талаптарды ескеруге міндетті;

23) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарттың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, бар бұзушылықтар толық жойылғанға дейін, оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға міндетті. Бұл жағдайда Жұмыстарды орындауды, Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру Мердігердің кінәсінен тоқтап қалу болып табылады;

24) Орындалатын Жұмыстардың кезекті кезеңін қабылдауға дайындығы туралы Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар етуге және оның ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті;

25) Жұмыстарды орындау барысын бәсеңдететін немесе Жұмыстарды орындауды осындай жағдайлар туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға;

26) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық да, ішінара да бермеуге тиіс;

27) жұмыстарды орындау процесінде туындауы мүмкін барлық тәуекелдер мен шығындарды көтеруге;

28) Жұмысты білікті мамандармен орындауға;

29) Шарт жасалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен Шарт бағасының есебін (қызметтер, жұмыстар сметасын) және жұмыстарды орындау кестесін ұсынуға және келісуге;

30) Тапсырыс беруші тарапынан тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-қимылдарын әзірлеуге және орындауға міндетті;

31) өз қызметкерлерін және қосалқы Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін еңбекті қорғауға және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметіне кіріспе нұсқамаға жіберуге;

32) жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету объектісінде жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға;

33) қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезінде рұқсат-нарядтарды қолдануға;

34) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде орын алған барлық жазатайым оқиғалар, инциденттер, авариялар, мердігердің табиғат қорғау заңнамасын бұзу жағдайлары туралы Тапсырыс берушіні ең аз уақыт ішінде, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзім ішінде хабардар етуге міндетті;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оқиғалардың себептерін тергеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге, тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін енгізе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы ресімдеуге;

36) Тапсырыс берушіге оның жазбаша талабы бойынша Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарын Мердігердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін келісімшартқа сәйкес Мердігердің Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарды орындауы кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесіне сәйкес айқындалатын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге міндетті;

37) осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін тартылатын өз қызметкерлерінің, үшінші тұлғалардың қолымен жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету объектісінде қолданылып жүрген стандарттармен, регламенттермен, нұсқаулықтармен және Тапсырыс берушіден алынған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің өзге де жергілікті құжаттарымен таныстыруға;

38) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы Техникалық оператор айқындаған өнім берушілермен ұзақ мерзімді шарттар мен офтейк келісімшарттар жасасуды қамтамасыз етуге міндетті;

39) Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тауарларды (материалдар мен жабдықты) Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы арқылы, қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі жеткізушілерден сатып алуды жүзеге асыру.

40) қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен өнім берушілерде қажетті тауарлар болмаған кезде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы Техникалық оператормен жеткізуге офтейк келісімшарт жасасу мүмкіндігін пысықтау;

41) Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс беруші айқындаған нысандар бойынша және мерзімдерде өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат беруге міндетті;

42) Тапсырыс беруші, Техникалық оператор немесе Уәкілетті орган Жұмыстың орындалу (қызмет көрсету) барысын тексерген кезде, бақылау, мониторинг жүргізу, оның ішінде сызбаларға және өндірістік ақпаратқа қол жеткізу мақсатында Тапсырыс

беруші тарапынан ешқандай қосымша шығындарсыз осы Шарттың мәніне қатысты қаржылық, бухгалтерлік, құқықтық және өзге де құжаттаманы ұсынуға көмек көрсету;

43) Жұмыстарға қолжеткізуі бар барлық адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ;

44) барлық қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) және аффилиирленгендігі бойынша ақпаратты ашуды, оффшорлық аймақтарда түпкілікті бенефициарды тіркеуге тексеруді қамтамасыз етуге міндетті;

45) энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша және тұрақты жұмыс орындары бойынша ақпаратты Құрылыс туралы үлгілік Шарттың 2-қосымшасына сәйкес мердігерге беруге;

46) кепілдік пайдалану кезеңінде техникалық ерекшелік талаптарын ескере отырып, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз ету, анықталған ақауларды осы Шартта көзделген мерзімдерде жою және жою кезеңіне кепілдік мерзімін ұзарту;

47) осы Шартты орындауға байланысты барлық төлемдер мен есеп айырысуларды тек қана Тараптармен келісілген екінші деңгейдегі банкте ашылған эскроу-шот арқылы жүзеге асыруға міндетті. Осы Шарт бойынша есеп айырысудың өзге нысандарын пайдалануға жол берілмейді. Осы міндеттемені бұзу шарттың талаптарын елеулі түрде бұзу деп танылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады;

48) жоғарыда айтылғандардың бірде-бір тармағы Мердігерді Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

Ескерту. 4.1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 05.06.2026 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4.2. Мердігер құқылы:

1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімдерін алдын ала келісе отырып, жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға;

3) Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстар актісіне (актілеріне) және объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қоюды талап етуге;

4) Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

5) Тапсырыс берушіден енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

6) Тапсырыс берушінің талабы бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандардан тең мәнділермен ауыстыруға;

7) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

1) Тараптар келісімді бекіткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құрылыс объектісі үшін жоспарланған жер учаскесін самовольды құрылыс нысандарынан, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілерін қайта орналастыруды қажет ететін басқа да бар объектілерден, құрылыс нысандарынан, қоқыстан және Подрядшының жұмыстарды бастауына, оларды жүргізуге және келісім-шартта белгіленген мерзімде аяқталуына кедергі келтіретін қоқыс пен қалдықтардан босатуды қамтамасыз етуі тиіс, егер жер учаскесін босатумен байланысты жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамада қарастырылмаса;

2) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер мамандарының объектіге кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

3) орындалған Жұмыстардың сәйкессіздігі анықталған кезде Мердігерді дереу жазбаша хабардар етуге міндетті;

4) Жұмыстарды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі істері жөніндегі уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қалыптастырылған және қол қойылған орындалған жұмыстардың актісі бекітілсін не 3 жұмыс күні ішінде немесе Тапсырыс берушімен келісім бойынша өзге мерзім ішінде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелері көрсетіле отырып, Жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға;

